

Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16685 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2019 № ҚР ДСМ-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 25-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2019 № ҚР ДСМ-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін ақтарушы*

Л. Ақтаева

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін ақтарушының
2018 жылғы 29 наурыздағы
№ 138 бұйрығына
1-қосымша

Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс) 25-бабының 3-тармағына сәйкес және оларды сатып алу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15604 болып тіркелген) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ағымдағы мониторинг – ақпараттық жүйелерде және (немесе) денсаулық субъектісіне бару арқылы тұрақты негізде жүргізілетін ағымдағы есепті кезеңдегі медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін бағалаудан тұратын сапа мен көлемге мониторинг жүргізу түрі;

2) амбулаториялық - емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компоненті (бұдан әрі – АЕК КШН кепілдік берілген компоненті) – түзету коэффициенттерін есепке ала отырып, медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) және консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі – КДК) нысандарында амбулаториялық-емханалық қызметтер кешенінің есеп айырысу құны;

3) амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – АЕК КШН) – АЕК КШН кепілдік берілген компонентінен КШН және КШН ынталандырушы компонентінен тұратын МСАК субъектісіне "Бекітілген халық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БХТ" АЖ) тіркелген, бекітілген бір адамға шаққандағы амбулаториялық-емханалық көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

4) ауыл субъектісі – мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктердің біріне: аудандық маңызы бар қала, аудан, ауылдық округ, ауыл, кент және БХТ-да тіркелген халыққа көрсетілетін қызметтердің кешенін ұсынатын аудандық маңызы бар және ауылдық денсаулық сақтау субъектісі;

5) ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті – түзету коэффициенттері есепке алынған, ауыл халқына қызметтер кешенінің есеп айырысу құны;

6) ауыл халқына қызметтерді көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив) – кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компонентінен және КЖШНЫК тұратын БХТ-да тіркелген бір ауыл тұрғынына есептегенде көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

7) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алуды және оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

8) базалық мөлшерлеме – өлшем бірлігі үшін алынған көрсетілетін қызметтер кешенінің есеп айырысу құны;

9) бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф – Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, лимфоидты және қан өндіру тінінің қатерлі ісіктерімен ауыратын науқастарға және он сегіз жасқа дейінгі

балаларға көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, "Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "ОНЭТ" АЖ) тіркелген бір онкологиялық науқасқа есептегендегі медициналық көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

10) бірлесіп орындаушы – дерекқорға қосылған медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін қызметтер беруші азаматтық-құқықтық шарт жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

11) денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру субъектісі (бұдан әрі – АС) – денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыру аясында қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар;

12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) емделіп шыққан жағдай – пациентке емделуге түскен сәттен бастап емделіп шыққанға дейін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілген медициналық қызметтер кешені;

14) жыныстық-жастық түзету коэффициенті – халықтың әртүрлі жыныстық-жастық санаттарының медициналық көмекті тұтыну деңгейіндегі айырмашылықтар ескерілетін коэффициент;

15) иммун тапшылығы вирусын жұқтырған бір адамға және (немесе) жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратын науқасқа шаққандағы кешенді тариф – Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен иммун тапшылығы вирусын (бұдан әрі – АИТВ) жұқтырған бір адамға және (немесе) жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен (бұдан әрі – ЖИТС) ауыратын науқасқа есептегенде АИТВ-ны жұқтырған адамға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

16) кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компоненті (бұдан әрі – КЖНБК) – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 мамырдағы № 429 бұйрығымен (бұдан әрі – № 429 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11526 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен түпкілікті нәтиженің қол

жеткізілген индикаторларының негізінде МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы құрамдаушысы;

17) клиникалық-шығындық топтар (бұдан әрі - КШТ) - емдеуге арналған шығындары бойынша ұқсас аурулардың клиникалық біртектес топтары;

18) қызметтер беруші – Сатып алу қағидаларына сәйкес қор медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

19) медициналық көмек көрсету ақауы (бұдан әрі – ақау) – денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан және клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқуды білдіретін медициналық көмек көрсету, емдеу-диагностикалық іс-шаралар тәртібінің бұзылуы;

20) медициналық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) – нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар денсаулық субъектісілерінің іс-қимылдары;

21) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсетуді көздейтін қор мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

22) медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді мониторингтеу (бұдан әрі - медициналық қызметтердің сапа мен көлемді мониторингтеу) – көрсетілген медициналық қызметтердің негізділігін және ақауларды анықтаған кезде айыппұл санкцияларын қолдануды жүйелік бағалау;

23) МСАК субъектісі – "БХТ" АЖ порталында тіркелген, бекітілген халыққа МСАК және амбулаториялық-емханалық қызметтер кешенін көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

24) нысаналы мониторинг – бұзушылықтардың профилактикасы мен олардың алдын алу үшін тиісті ақпараттық жүйелерде және (немесе) денсаулық субъектісіне бару арқылы жүргізілетін ағымдағы мониторингтің нәтижелері бойынша және (немесе) қор айқындаған тақырыптық бағыттар бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін бағалаудан тұратын сапа мен көлемге мониторинг жүргізу түрі;

25) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылуы бар бір науқасқа шаққандағы кешенді тариф – Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен "ДНЭТ" АЖ "Наркологиялық науқастардың электрондық тіркелімі" кіші жүйесінде (бұдан әрі – ННЭТ) тіркелген психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылуы бар бір науқасқа есептегенде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық

бұзылуы бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

26) психикалық және мінез-құлықтық бұзылуы бар бір науқасқа шаққандағы кешенді тариф – Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "ДНЭТ" АЖ) "Психикалық науқастардың электрондық тіркелімі" кіші жүйесінде (бұдан әрі – "ПНЭТ" АЖ) тіркелген психикалық және мінез-құлықтық бұзылуы бар бір науқасқа есептегенде психикалық және мінез-құлықтық бұзылуы бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

27) республикалық денсаулық сақтау ұйымдары – уәкілетті орган қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдары, дербес білім беру ұйымының, медициналық білім беру ұйымдарының денсаулық сақтау ұйымдары;

28) ретроспективалық талдау – сараптама жүргізу кезінде медициналық көмек алған пациенттердің медициналық құжаттамасын зерделеу негізінде талдау;

29) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына арналған шекті баға – Денсаулық туралы кодекстің 7-бабының 1-тармағына 20-тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде одан жоғары бағамен сатып алу жүргізіле алмайтын, дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына арналған баға;

30) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тариф (бұдан әрі – тариф) – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-10 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5946 болып тіркелген) бекітілген көрсетілетін қызмет бірлігінің немесе медициналық көрсетілетін қызметтер кешенінің есеп айырысу құны;

31) туберкулезбен ауыратын бір науқасқа шаққандағы кешенді тариф – Денсаулық туралы кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен "ДНЭТ" АЖ "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" кіші жүйесінде (бұдан әрі – ТАНҰТ) тіркелген туберкулезбен ауыратын бір науқасқа есептегенде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

32) түзету коэффициенттері – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5946 болып тіркелген) бекітілген Медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне (бұдан әрі – Тарифтерді қалыптастыру әдістемесі) сәйкес тарифті түзету мақсатында уәкілетті орган қолданатын коэффициенттер;

33) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34) шарттың орындалуын бағалаудың сызықтық шкаласы (бұдан әрі – Сызықтық шкала) – сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерін есепке алмай, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының айлық сомасынан асып кеткен жағдайларда ақы төлеу сомасын есептеу тетігі;

35) шығын сыйымдылығы коэффициенті – КШТ-ның базалық мөлшерлемесінің құнына шығындылық дәрежесін айқындайтын коэффициент;

36) Республикалық ауыр акушерия орталығы - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған және Қазақстан Республикасында босанулардан/аборттардан кейінгі ауыр жай-күйдегі әйелдерге стационарлық медициналық көмек көрсету бойынша медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының астанасында медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-бөлім. Медициналық қызмет түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі

1-кіші бөлім. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

3. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әкімшінің тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде және (немесе) Қордың активтер есебінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының негізінде трансферттер есебінен жүзеге асырады, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған сомалардың

шегінде, алдыңғы қаржы жылына ТМККК көрсетуге шарттар жасасқан қызметтер берушілермен ағымдағы қаржы жылының бюджет қаражаты есебінен алдыңғы қаржы жылының соңғы айында көрсетілген медициналық қызметтер үшін ТМККК көрсетуге жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

4. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлеміне жүргізілген мониторинг есепке алынып, жүргізіледі.

5. Сатып алу шарты бойынша ақы төлеудің есептік кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

6. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу көрсетілген қызметтер актісінің негізінде тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

7. Мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған қызметтер берушілердің (коммуналдық қызметтерге, ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықтарды ағымдағы жөндеу шығыстардың ұлғаюы, басқа қызметтер) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша көзделген сомадан көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге жататын сома асып кеткен жағдайда, осы шығыстарды өтеу жергілікті өкілді органның шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қор қызметтер берушімен келісу бойынша аванстық (алдын ала) ақы төлеуді жүзеге асырады:

1) қызметтер көлемін орналастыруда шарт немесе қосымша келісім жасау кезінде авансты ұстау кестесіне сәйкес аванс сомасын кейіннен ұстап қалу арқылы шарт сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) ақы төлеуді жүзеге асырады;

2) желтоқсан айында ұстап қалуға жататын аванс сомасын есептегендегі шарт бойынша қалған сомадан аспайтын мөлшерде желтоқсан айына арналған жоспарлы сомадан 70 (отыз) пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық ақы төлеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Есепті желтоқсан кезеңі үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде ұстап қалатын желтоқсандағы көрсетілетін қызметтерге арналған авансты қоспағанда,

авансты ұстап қалу кестесі қызметтер көрсету айынан бастап қызмет көрсету кезеңдерінің жалпы санынан жетпіс бес пайыздан аспайтын кезеңдер санына бірдей белгіленеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

10. Егер ағымдағы кезеңде ұсталуы тиіс аванстық ақы төлеу (алдын ала) сомасы есепті кезеңдегі көрсетілген қызметтердің актісі бойынша ақы төлеуге қабылданған сомадан артық немесе оған тең болған жағдайда ақы төлеуге қабылданған тең сома ұсталады, ағымдағы кезеңде ұсталуы тиіс соманың қалдығы келесі кезеңде ұсталуы тиіс ақы төлеу (алдын ала) сомасымен жиынтықта келесі кезеңде ұсталады.

Егер желтоқсан ағымдағы кезеңінде ұсталуы тиіс аванстық ақы төлеу (алдын ала) сомасы есепті кезеңдегі көрсетілген қызметтердің актісі бойынша ақы төлеуге қабылданған сомадан артық немесе оған тең болған жағдайда ақы төлеуге қабылданған тең сома ұсталады, ағымдағы кезеңде ұсталуы тиіс соманың қалдығы Қор шотына қайтарылып беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша аванстық (алдын-ала) ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасаспаған, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылының алты және одан да кем ай кезеңіне көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан қызметтер берушілерге:

1) балаларға және босандыру кезіндегі стационарлық көмек көрсету;

2) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен (туберкулез, онкология, психиатрия, наркология, инфекциялық аурулар) науқастарға стационарлық көмек көрсету

3) жедел медициналық көмек көрсету бағыттар бойынша медициналық көмек көрсететін қызмет берушілерді қоспағанда жүзеге асырылмайды.

12. Сапа мен көлемді мониторингтеу түрлері:

1) медициналық көмектің түрлері мен нысандары, медициналық қызметтің түрлері бойынша ағымдағы мониторингтеу;

2) медициналық көмектің түрлері мен нысандары, медициналық қызметтің түрлері бойынша нысаналы мониторингтеу;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мониторингтеу мәніне кірмеген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарының орындалуын мониторингтеу.

13. Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу:

1) қызметтер беруші денсаулық ақпараттық жүйелеріне енгізілген көрсетілген қызметтерді бағалау. Денсаулық сақтау ақпараттық жүйелерінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша

автоматтандырылған тәсілмен белгіленген ақаулар расталады немесе қабылданбайды, сондай-ақ өзде де анықталған ақаулар тағайындалды;

2) қағаз жеткізгіштерде бастапқы медициналық құжаттаманы зерделеу, бастапқы медициналық құжаттамамен ақпараттық жүйелерге енгізілген деректерді медициналық қызметтердің салыстыруды және қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындау бойынша шараларды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау субъектілеріне бару арқылы жүзеге асырылады.

Қордың медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу үшін, қажет болған жағдайда, тәуелсіз сарапшыларды тартады.

Тәуелсіз сарапшылар мынадай жағдайларда:

1) қайтыс болу жағдайларын, сирек аурулармен емделген жағдайларды, клиникалық тұрғыда мамандандырылған емделген жағдайларды, асқынумен емделген жағдайларды қарау кезінде, медициналық көмектің тиісті сапасын растау қажеттілігі, сондай-ақ нақты келтірілген шығыстар үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу кезінде медициналық көмектің тиісті сапасын растау қажеттілігі;

2) көрсетілген медициналық қызметтердің жоспарлы, тақырыптық (нысаналы) мониторингін жүргізу;

3) қордың сот істеріне қатысуы кезінде тартылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Қызметтер беруші қор медициналық құжаттаманы сұратқан сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қордың мекенжайына сұратылған құжатты қағаз жеткізгіште немесе құжатты электрондық сканерленген көшірмесін ұсынады. Қор сұрау салуды ресми хатпен жүзеге асырады.

Қызметтер беруші қорға жіберген медициналық құжаттама қызметтер берушінің мекенжайына медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтеу аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде қайтарылуға тиіс. Қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері немесе құжаттардың электрондық сканерленген көшірмелері қызметтер берушінің мекенжайына қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. АС осы Қағидаларға, Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне және "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-10 бұйрығына сәйкес төлем ақпараттық жүйелерінде тарифтерді енгізу және қызметтер құнын автоматты түрде есептеу, оның ішінде ақаулар бойынша айыппұл санкцияларының дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

16. Сапа мен көлемін мониторингтеу қызметтер берушінің орналасқан жеріне бару арқылы жоспарлы және жоспардан тыс тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Жоспарлы тәртіппен қызметтер берушінің орналасқан жеріне бару арқылы сапа мен көлемін мониторингтеу қор бекіткен орналасқан жеріне бару жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспарлы тәртіппен сапа мен көлемін мониторингтеу кезінде қор ағымдағы жылдың барлық өткен кезеңдерінің көрсетілген медициналық қызметтерін ретроспективалық талдауды жүзеге асырады және ағымдағы кезеңдегі ақы төлеу кезінде мониторинг нәтижелерін есепке алады.

18. Қызметтер берушіні жоспардан тыс мониторингтеу:

1) қор қызметтер беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарының немесе денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарының мүмкін бұзушылықтары туралы ақпарат алған;

2) қызметтер беруші басқа қызмет берушінің сапа мен көлемі мониторингін жүргізу нәтижелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының болуы мүмкін бұзушылықтарын анықталған;

3) осы Қағидаларда және Сатып алу қағидаларында көзделген соның ішінде ұсынылған төлем құжаттарында нысандар мен есептер бойынша, қызметтер берушінің дұрыс емес, толық емес және сапасыз орындалған құжаттарды ұсынуы немесе ақпараттық жүйелерге енгізу фактілері анықталған;

4) қызметтер берушіден сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерімен келіспеу туралы өтініш келіп түскен кезде өтінішті қарау қызметтер берушінің орналасқан жеріне барусыз мүмкін болмаған кезде;

5) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының шеңберінде қызметтер берушінің қызметіне немесе ол көрсеткен медициналық қызметтердің сапасына медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардан шағымдар, өтініштер келіп түскен;

6) сапасы мен көлемге ағымдағы мониторингтің нәтижелері бойынша нысаналы мониторинг жүргізу;

7) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындауды мониторингтеу.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Қызметтер берушінің орналасқан жеріне бару арқылы сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу бойынша қорытынды қалыптастырылады.

20. Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша қор әрбір қайтыс болу жағдайына (өліммен аяқталған), ана өлімі жағдайларын қоспағанда, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытындыны қалыптастырады.

Медициналық қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы қорға сараптама аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ана өлімінің әрбір жағдайына сараптамалық қорытынды қалыптастыра отырып ана өлімі жағдайларына сараптаманың нәтижелерін ұсынады.

Ана өлімі жағдайларын сараптау нәтижелері медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу кезінде ескеріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Медициналық көмектің түрлері мен нысандары бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісін қор есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қалыптастырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-1 қосымшаға сәйкес медициналық көмектің нысандары, түрлері мен медициналық қызмет түрлері бойынша ақаулардың бірыңғай жіктеліміне (бұдан әрі – Ақаулардың бірыңғай жіктелімі) сәйкес қордың қызметтер берушіге төлеуге жататын соманы азайту арқылы айыппұл санкцияларын қолдану үшін негіздеме болып табылатын медициналық көмек көрсетудің ақаулары анықталады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері медициналық көмектің әрбір нысаны және (немесе) бейіні бойынша сапа мен көлемді мониторингтеуден өткен көрсетілетін қызметтердің тізілімінде көрсетіледі, олардың негізінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеудің жиынтық актісі қалыптастырылады.

Алдағы уақыттағы медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу бойынша өнімділік іс-шаралар үшін медициналық қызметтердің сапасы мен көлемдеріне жүргізілген ағымдағы мониторингтің шешімі бойынша қормен тоқсан сайын қызметтер берушілердің қызметін бағалау жүзеге асырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25-1. Қызметтер берушінің қызметіне және қызметтерді сатып алу шартының шеңберінде олардың көрсеткен медициналық қызметтерінің сапасына медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардан шағымдар, арыздар келіп түскен жағдайда, қызметтер беруші 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Қорға сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 1-параграф 25-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыру көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілім, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының орындалу хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

27. Қызметтер беруші есепті кезең аяқталған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей басшы немесе уәкілетті лауазымды тұлға қол қойған және қызметтер берушінің мөрімен (ол болған жағдайда) расталған қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімді (шот-тізілімдерді) көрсетілетін қызметтерді сатып алудың әрбір шартына жеке қалыптастырады және қорға береді.

МСАК және ауыл субъектілері есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен (он) кешіктірмей қолмен және (немесе) автоматтандырылған режимде басшы немесе уәкілетті лауазымды тұлға, оның ішінде ЭЦҚ арқылы қол қойған және қызметтер берушінің мөрімен (ол бар болса) куәландырылған көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімді қалыптастырады және қорға жібереді.

Қызметтер беруші қол режимде шот-тізілімді дұрыс емес қалыптастырған және (немесе) қағаз жеткізгіштерде дұрыс емес деректері бар шот-тізілімді ұсынған жағдайда қор 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде қызметтер берушіге шот-тізілімді оны қайта қалыптастыру мен ұсыну үшін қайтарады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көрсетілген жойылмайтын күш жағдайлары және (немесе) ақпараттық жүйелердегі жаңартуларға байланысты мән-жайлар туындаған жағдайда қор көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімді белгіленген мерзімнен кешірек қабылдайды.

ТМККК шеңберінде ағымдағы жылғы қаңтар үшін шот-тізілім алдыңғы жылғы 1 желтоқсаннан бастап ТМККК шеңберінде шот-тізілімге кірмеген қызметтерді ескере отырып, жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

28. Көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімде көрсетілуі ағымдағы есепті кезең ішінде аяқталған қызметтерді саны, сондай-ақ, қызметтер беруші ақы төлеуге ұсынатын сома көрсетіледі.

29. Қор көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімнің, сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерінің негізінде қолмен және (немесе) автоматтандырылған режимде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын қалыптастырады.

30. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы (көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамалары) көрсетілетін медициналық көмектің нысанына қарай әрбір жасалған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына жеке қалыптастырылады, оған қордың уәкілетті лауазымды тұлғасы қол қояды және қызметтер берушіге танысу үшін беріледі.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасында сот органдарының шешімі, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасынан асып кеткен, өткізілген төлемдер бойынша не осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша өткен төлем кезеңдеріндегі тоқсан сайынғы салыстыру нәтижелері болған жағдайларда өзге де төлемдер (шегерулер) көрсетіледі.

ТМККК шеңберінде ағымдағы жылдың қаңтар айы үшін хаттама алдыңғы жылғы 1 желтоқсаннан бастап шот-тізілімге кірмеген қызметтерді ескере отырып қалыптастырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

31. Қор көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – көрсетілген қызметтердің актісі) құрады.

Көрсетілген қызметтердің актісі қолмен және (немесе) автоматтандырылған режимде әрбір жасалған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына жеке қалыптастырылады, оған қор мен қызметтер берушінің уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қояды және қор мен қызметтер берушінің мөрлерімен (бар болса) куәландырылады.

32. Төлем құжаттары қызметтер беруші үшін бір данадан және қор үшін екі данадан үш данада қалыптастырылады.

33. Көрсетілген қызметтер, оның ішінде ағымдағы есепті кезеңде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу аяқталмаған өліммен аяқталған жағдайлар көрсетілген қызметтердің актісінде көрсетілмейді және олар бойынша ақы төлеу медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу аяқталғаннан кейін келесі есепті кезеңдерде жүзеге асырылады.

Медициналық қызметтердің сапасы мен көлем мониторингін жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттың қолданысы уақытында ақы төлеуге қабылданбаған осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қызметтерге ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданысы жылынан кейінгі жылы жүргізіледі.

Ағымдағы қаржы жылының шот-тізіліміне алдыңғы қаржы жылында медициналық көмек көрсету басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар қосылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрықтарымен.

34. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33-1. Көрсетілген қызметтерді сатып алу шартына сәйкес ТМККК шеңберінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу сапа мен көлем мониторингін жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімінде ақы төлеуге қабылданбаған, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін шот-тізілімге кірмеген қызметтер сатып алу шартының қолданылу жылынан кейінгі жылы жүргізіледі.

Бұл ретте, алдыңғы жылғы желтоқсанда көрсетілген ТМККК шеңберіндегі қызметтер үшін сома алдыңғы қаржы жылының 11 айы үшін ақы төлеуге қабылданған сома бойынша орташа айлық нақты орындалу сомасынан аспайды.

Ескерту. 33-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

35. Қор мен қызметтер беруші арасындағы төлем құжаттарымен алмасу ресми хат алмасу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

36. Қол қойылған көрсетілген қызметтердің актілері бойынша ақы төлеуді қор есепті кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей медициналық қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражатты есептеу мен жұмсау бойынша банк операцияларын жүргізу үшін ашық екінші деңгейлі банктегі қызметтер беурішінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырады.

Бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды ескере отырып, қол қойылған көрсетілген қызметтердің актілері бойынша ақы төлеуді қор есепті кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей қызметтер берушінің қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражатты есептеу мен жұмсау бойынша банк операцияларын жүргізу үшін ашық екінші деңгейлі банктегі есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

37. Қызметтерге ақы төлеу сатып алу шартының жылдық сомасынан аспайтын сомада жүзеге асырылады.

38. Қызметтер беруші көрсетілген қызметтердің актісімен келіспеген жағдайда оны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қорға бас тарту себептерінің негіздемесімен және бас тарту себебін растайтын есеп айырысулар мен құжаттардың қосымшасын беріп, көрсетілген қызметтердің актісіне қол қоюдан бас тарту туралы хабардар етеді.

Қор көрсетілген қызметтердің актісіне қол қоюдан бас тартуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтер берушіге қабылданған шешім туралы хабарлайды (көрсетілген жұмыстардың актісін түзету немесе шешімнің дұрыстығын растайтын есеп айырысулар мен құжаттардың қосымшасын қоса беріп, көрсетілген қызметтердің актісін қайта жіберу).

Көрсетілген қызметтердің актілері бойынша ақы төлеу мерзімі қор мен қызметтер беруші арасында көрсетілген қызметтердің актісіне қол қою бойынша келісімге қол жеткізілген мерзімге ұзартылады.

39. Ақы төлеу нәтижелері бойынша қор тоқсан сайын тиісті салыстыру актісін қалыптастыра отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша медициналық қызметтер мен қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Салыстыру актілерінде жылына екі рет ағымдағы жылғы шілдеде, қарашада және келесі жылғы қаңтарда алдын алуға болмайтын өлім жағдайларын қоспағанда, сапа мен көлемді және медициналық көрсетілетін қызметтер көлемінің орындалуын мониторингтеу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының азайту сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

40. МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданысы кезеңінде ұсталған айыппұл санкцияларының, қызметтер берушілер төлеген тұрақсыздық айыбының сомалары Қордың ағымдағы қаржы жылында медициналық қызметтерді орналастыру үшін пайдалануына жатады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

40-1. ТМККК шеңберінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша ұсталған айыппұл санкцияларының сомалары

көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданысы кезеңінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін пайдалануға жатады.

ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбы қызметтер берушілердің республикалық бюджеттің кірісіне есептеуіне жатады.

Ескерту. 1-параграф 40-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрықтарымен.

41. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

41-1. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

42. Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешені ресейлік ұйымдарының жұмыскерлері болып табылмайтын және Байқоңыр кешенінің аумағында уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін қызметтер үшін денсаулық сақтау ұйымдарына ақы төлеу 2010 жылғы 31 мамырдағы Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес федералды денсаулық сақтау ұйымдары және қор арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу ай сайын қағаз жеткізгіштерде ресімделетін төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42-1. Тарифтік саясатты жетілдіруге, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін жаңғыртуға бағытталған медициналық қызметтерге тарифтердің апробациясы мақсатында пилоттық жобаларды іске асыру кезінде олардың қызметтеріне ақы төлеу осы Қағидалардың 3-5, 12-41-тармақтарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Пилоттық жобаларды іске асыру шеңберінде медициналық көмектің жеке нысандары, түрлері мен бейіндері бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеудің ерекшеліктері уәкілетті органның құқықтық актілерімен айқындалады.

Ескерту. 1-параграф 42-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42-1. Тарифтерді тестілеу бойынша пилоттық жобаларды іске асыру кезінде қызметтерге ақы төлеу осы Қағидалардың 3-6, 12-41 1-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-параграф 42-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Осы параграфтың ережелері осы қағидалардың қосымшаларына сәйкес медициналық көмектің жеке түрлері бойынша ақы төлеудің ерекшеліктері ескеріліп, қолданылады.

2-параграф. Бірлесіп орындаушының қызметтеріне ақы төлеу тәртібі

44. Қызметтер беруші Сатып алу қағидаларына сәйкес қормен келісім бойынша бірлесіп орындаушыны тартады және олармен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасы шегінде бірлесіп орындау шартын жасасады.

45. Бірлесіп орындаушының көрсетілген қызметтеріне ақы төлеуді қызметтер берушілер, бірлесіп орындаушының туберкулезбен, психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға және алкоголизм, наркомания және токсикоманиямен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету кезіндегі көрсетілген қызметтерін қоспағанда, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтердің мөлшерінен аспайтын тарифтер бойынша жүзеге асырады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Бірлесіп орындаушының қызметтеріне ақы төлеу бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру тиісті ақпараттық жүйелерде немесе қағаз жеткізгіштерде жүзеге асырылады.

47. Бірлесіп орындаушы осы Қағидаларға және Көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес қызметтер берушіге қойылатын талаптарға ұқсас деректерді, нысандарды және есептерді енгізуді (ұсынуды), растауды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2-кіші бөлім. Медициналық көмек нысандары бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі

1-тарау. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

1-параграф. Кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша амбулаториялық-емханалық көмекке ақы төлеу тәртібі

48. Бекітілген халыққа АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу мынадай:

1) мына:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығымен бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11268 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 281 бұйрық) сәйкес МСАК;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 626 бұйрығымен бекітілген Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11958 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 626 бұйрық) КДК нысанында осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес шығындары қалалық маңызы бар денсаулық сақтау субъектілері мен аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтер кешені үшін кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеу кезінде ескерілетін қызметтер тізбесі бойынша бекітілген халыққа амбулаториялық-емханалық қызметтер кешенін қамтамасыз ету бойынша:

2) №429 бұйрықпен және Тарифтерді қалыптастыру әдістемесімен (бұдан әрі – МСАК қызметкерлерін ынталандыру) айқындалған тәртіппен МСАК субъектілері қызметінің қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторлары үшін МСАК қызметтерін көрсететін қызметтер берушінің қызметкерлерін ынталандыру бойынша қызметтер үшін КЖН АЕК тарифі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Есепті кезең үшін МСАК субъектілеріне АЕК КЖН бойынша АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы МСАК субъектілері үшін АЕК КЖН есепті кезең үшін БХТ-да тіркелген бекітілген халықтың орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезең үшін бекітілген халықтың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін БХТ-да тіркелген бекітілген халықтың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

Қалалық және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін ауылдық жердегі жұмыс үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті тек ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін коэффициент 1-ге (бірлікке) тең.

Есепті кезең үшін АЕК КЖН бойынша МСАК субъектісінің АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтер көлеміне байланысты емес.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49-1. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 ((01.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. МСАК субъектілері АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу кезінде:

қамтамасыз етуге шығындар фенилкетонуриямен ауыратын бекітілген халқы бар МСАК субъектілері үшін емдік ақуызы төмен өнімдермен және фенилаланиннің төмен құрамы бар өнімдермен көзделеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының (бұдан әрі – ДСБ) шешімі бойынша емдік ақуызы төмен өнімдермен және фенилаланиннің төмен құрамы бар өнімдермен орталықтандырылған қамтамасыз ету үшін МСАК субъектілерін айқындауға рұқсат беріледі.

Ақы төлеу мақсатында емдік ақуызы төмен өнімдер мен фенилаланиннің төмен құрамы бар өнімдерді босату "Дәрілік қамтамасыз ету" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "ДҚЕ" АЖ) тіркеледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қор осы Қағидалардың 39-тармағында көрсетілген салыстыру актісінің негізінде МСАК субъектісіне бекітілген фенилкетонурия ауруы бар адамдар санының өзгеруіне байланысты сатып алу шартының сомасын түзету Сатып алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

52. АЕК қызметтерін сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "Бірыңғай төлем жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БТЖ" АЖ) жүзеге асырады.

53. Қор "БТЖ" АЖ "Төлем жүйесі" модуліндегі "Шарттың негізгі талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және МСАК көрсетуге арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

54. Ақы төлеу процесін жүзеге асыру кезінде АС "БТЖ" АЖ-ға жасалған бірлесіп орындау шарттарына сәйкес бірлесіп орындаушылар және олар көрсететін консультациялық-диагностикалық қызметтер (бұдан әрі – КДҚ) бойынша деректерді енгізеді және растайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі-АЕК шот-тізілімі) автоматтандырылған қалыптастыру кезінде ақы төлеуді жүргізу және ақы

төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін қызметтер беруші мыналарды қамтамасыз етеді:

1) күн сайын медициналық ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – МАЖ) "Тіркеу бөлімі" модулінде дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазылу, активтер мен үйге шақырулар бойынша мәліметтерді енгізуді;

2) күн сайын "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 907 бұйрық) бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 025/е, № 025-5/е және № 025-7/е нысандары бойынша халыққа МСАК және КДК мамандары көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтерді дербестендірілген тіркеуді;

3) күн сайын "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да №907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың 201/е нысаны бойынша КДҚ-ға сыртқы жолдамаларды енгізуді;

4) "ДҚ" АЖ-да емшек сүтінің бейімделген алмастырғыштарын босатуды күн сайын енгізуді;

5) жасалған қоса орындау шарттары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-ның "Төлем жүйесі" модулінде олар жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуді және растауды;

6) "БТЖ" АЖ-да қызметтер берушінің бекітілген халыққа КДК көрсетуге қоса орындау шартын орындау хаттамасын, қызметтер берушінің бекітілген халыққа қоса орындау шарты бойынша КДК көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыруды;

7) оны есептеу мен бөлу осы параграфқа сәйкес жүзеге асырылатын КЖНЫК төлеу үшін қажетті деректерді "БТЖ" АЖ-ға енгізуді және беруді;

8) бастапқы бухгалтерлік құжаттардың негізінде есепті кезеңде "БТЖ" АЖ-да мыналар:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушінің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезіндегі кірістер құрылымы;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушінің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезіндегі шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушінің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін қызметтер берушінің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпарат қалыптастыруды;

9) осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу есепті кезеңнен кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

"БТЖ" АЖ-да осы тармақтың 7) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, қызметтер берушіге ағымдағы есепті кезеңдегі АЕК көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген ақпаратты енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Қызметтер беруші қордың сұрау салуы бойынша оның негізінде осы тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрықтарымен.

55-1. МСАК субъектілеріне есепті кезеңде АЕК КЖН бойынша АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы № 281 бұйрықтың 8-тармағында көзделген бір жалпы практика дәрігеріне азаматтарды бекіту нормативінен асып кеткені үшін ұстап қалу сомасына азайтылады.

Ұстап қалу сомасы осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес бір жалпы практика дәрігеріне азаматтарды бекіту нормативінен асып кеткені үшін ұстап қалу сомасын есептеу формуласы бойынша есептеледі.

Ескерту. 55-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. АЖ-ға енгізу нәтижелері бойынша деректер қорға және АС-ға функциялары мен құзыреттері шегінде қордың өз құзыреті шеңберінде осы Қағидаларда айқындалған басқарушылық шешімдерді қабылдауы мақсатында күнделікті медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу, талдау және бағалау үшін қолжетімді болады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

58. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – АЕК көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) Қор осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "БТЖ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады, онда "Жан басына шаққандағы нормативтің қосымша (ынталандырушы) компоненті"

ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "ЖБНҚК" АЖ) автоматтандырылған режимде есептелген түпкілікті нәтиженің индикаторларына қызметтер берушінің қол жеткізу нәтижелері ескеріледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

59. Амбулаториялық-емханалық көмектің сапасы мен көлеміне мониторингтің нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек қызметтерінің тізілімі;

2) осы Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек қызметтерінің тізілімі;

3) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлеміне мониторингтің актісі;

4) осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;

5) осы Қағидаларға 54-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;

6) осы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлеміне мониторингтің актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Кор АЕК көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмек бойынша көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – АЕК бойынша көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

61. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

62. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

65. КЖШНЫК мөлшерін уәкілетті орган Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес айқындайды.

66. МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНЫК сомасын төлеуді қор Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

67. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне ЖБНҚК төлеу үшін медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері:

1) "Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "МҚСБЖ" АЖ):

есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде негіздемені көрсете отырып, МСАК субъектісі мен ауыл субъектісінің қызметіне бекітілген халық арасында жеке тұлғалардың өтініштері (шағымдары) бойынша деректер енгізуді;

2) "ЖБНҚК" АЖ-да:

есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде алдын алуға болатын барлық ана өлімі жағдайларын, сондай-ақ сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша КЖНЫК сомасын есептеуде көрсетілген жағдайлардың қатысуы туралы мәліметтерді тіркеуді;

медициналық қызметтер көрсету саласындағы аяқталмаған мемлекеттік бақылауға байланысты есепті кезеңде КЖНЫК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтерді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. "ЖШНҚК" АЖ-да МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бойынша қор:

1) әрбір облыс, астана және республикалық маңызы бар қала бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген КЖНЫК-тың жоспарлы жылдық сомалары мен халықтың саны бойынша деректерді енгізуді және растауды;

2) өңір деңгейінде КЖНЫК-тың жылдық сомасын айларға бөлу деректерін енгізуді және растауды;

3) әрбір облыстың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың ДСБ-мен келісім бойынша уәкілетті орган ұсынған түпкілікті нәтиженің әрбір индикаторы бойынша белгіленген нысаналы мәнді енгізуді және растауды;

4) мыналар:

халық бойынша;

халық және балдар бойынша;

халық, балдар және МСАК қызметтерін көрсетудің кешенділігіне нақты МСАК субъектісінің сәйкестік коэффициенті бойынша 1 (бір) бекітілген тұрғынға есептегенде 150 (жүз елу) теңгеден жоғары КЖНЫК сомасын бөлу өлшемшартын ай сайынғы (есепті кезеңнің басында) белгілеу;

5) МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде әрбір өңір бойынша есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖНЫК сомаларын алдын ала автоматтандырылған есептеуді (есепті кезеңнің жабылуына дейін) жүргізу;

6) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі айдың келесі 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растау. Есепті кезеңді жабу халық бекітілген учаскелер бөлінісінде МСАК субъектілері бойынша бөлінбеген жағдайлар болған кезде тоқтатыла тұрады. Есепті кезеңді жабуды растаған күннен бастап қорды қоспағанда, енгізілген деректерді өзгертуге рұқсат берілмейді;

7) түпкілікті нәтиже индикаторының мәндері мен КЖНЫК сомаларын есептеуге әсер ететін сәйкессіздіктер немесе қатысушылардың қате іс-қимылы анықталған жағдайда, МСАК субъектілерінің есепті кезеңді жабуына дейін есепті кезеңнің жабылуын растауды алып тастау;

8) есепті кезеңде МСАК субъектісі мен ауыл субъектісі бір бекітілген тұрғынға есептегенде 150 (жүз елу) теңгеден жоғары КЖНЫК сомасынан асып кету фактісі болған кезде, көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге ағымдағы есепті айда қабылдау. Бұл ретте, осы алгоритм 1 (бір) тоқсан ішінде қолданылады;

9) "АЕК" АЖ-да түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен ақы төлеуге арналған КЖНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеу деректерін алу;

10) есепті кезеңдегі түпкілікті нәтижелердің қол жеткізілген индикаторларын бағалау қорытындысы бойынша МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНЫК сомасын аудару;

11) МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде қызметтің қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін бағалау қорытындыларын қалыптастыру және ДСБ-ға мәлімет үшін жібереді;

12) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде алдын алуға болатын барлық бала өлімі 7 (жеті) күннен бастап 5 (бес) жасқа дейінгі жағдайларын, сондай-ақ сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша КЖНЫК сомасын есептеуде көрсетілген жағдайлардың қатысуы туралы мәліметтерді тіркеуді;

13) есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде алдын алуға болатын барлық бала өлімі 7 (жеті) күннен бастап 5 (бес) жасқа дейінгі жағдайлары бойынша сапа мен көлемнің аяқталмаған мониторингіне байланысты есепті кезеңде КЖНЫК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтер.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. "ЖБНҚК" АЖ-да МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖШНЫК-ты төлеуге арналған төлем құжаттарын сапалы және уақтылы қалыптастыру үшін АЖ:

1) әрбір МСАК субъектісі мен оның аумақтық учаскелері бөлінісінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін медициналық көмек көрсету жағдайлары бойынша БХТ, "МҚСБЖ" АЖ, "ОНЭТ" АЖ дерекқорларынан автоматтандырылған режимде деректерді күн сайын дұрыс алуды;

2) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 3 (үшінші) күнінен кешіктірмей "ТАНҰТ" АЖ дерекқорынан өзара іс-қимыл сервисін іске асырған жағдайда автоматтандырылған режимде немесе осы сервис жоқ кезде қол режимінде деректерді ай сайын дұрыс алуды ;

3) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей қорға ұсыну үшін осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс, астана және республикалық маңызы бар қала бойынша түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің сомаларын есептеу үшін ақпараттық жүйелерден деректерді жүктеудің дұрыстығы мен нақтылығы жөніндегі есепті қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

4) деректердің жүктелуіне қарай ДСБ-мен бірлесіп, ДСБ жанынан құрылған комиссияның хаттамалық шешімінің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне (ана өлімі жағдайларын қоспағанда) әсер ететін даулы жағдайларды нақты МСАК субъектілеріне жатқызу бойынша түзетулерді есепті кезеңнің жабылуына дейін енгізеді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

70-1. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

71. МСАК субъектісі төлем құжаттарын қалыптастыру үшін:

1) қор есепті кезеңді аяқтаған күннен кейінгі келесі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңдегі есеп айырысулардың нәтижесі бойынша алынған КЖШНЫК-тың жалпы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес мөлшерде МСАК қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жіберу үшін жоспарланып отырған шығыстардың сомалары туралы деректерді енгізуді;

2) қор есепті кезеңді аяқтаған күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей кейін енгізілген деректерді кез келген өзгерту мүмкін болмайтын есепті кезеңнің жабылауын растауды және аумақтық учаскелердің бөлінісінде МСАК қызметкерлеріне түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖШНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеуді жүзеге асыруды;

3) түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін нақты жағдай бойынша бекіту учаскесі туралы ақпарат болмаған жағдайда БХТ порталына деректерді енгізуді;

4) есепті кезеңді аяқтаған күннен кейінгі келесі айдың 25-күніне дейін № 429 бұйрыққа сәйкес МСАК қызметкерлерін ынталандыру бойынша КЖНШЫК сомаларын бөлу нәтижесі бойынша есепті айдағы жиынтық деректерді енгізуді және осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлеріне кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің сомаларын бөлу бойынша есеп қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Уәкілетті органның хатымен расталған ақпараттық жүйелерде жаңартулармен байланысты сатып алу шарты және (немесе) жағдайларында көрсетілген еңсерілмес күш жағдайлары пайда болған жағдайда қор көрсетілген қызметтерге шот-тізілімді КЖШНЫК-сыз қабылданады және кейінгі есептесумен және келесі есептік кезеңдегі басқа төлемдер арқылы төленеді.

72-1. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-2. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-3. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-4. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-5. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-6. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу

73. Осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес амбулаториялық-емханалық көмек қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеуді қор амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеген шығындары ескерілмейтін амбулаториялық-емханалық көмек көрсету жөніндегі қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырады.

74. АЕК қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы түзету коэффициенттерін ескеріле отырып, медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді нақты көрсетілген АЕК қызметтерінің санына көбейту арқылы айқындалады.

75. АЕК қызметтерін сатып алу бойынша жасалған шарттарды, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "БТЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "БТЖ" АЖ "Төлем жүйесі" модуліндегі "Шарттың негізгі талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және АЕК көрсетуге арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

76. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – АЕК қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілім) автоматтандырылған түрде қалыптастыру және "БТЖ" АЖ-да қызметтер берушіге ақы төлеуге ұсынылған соманы дұрыс есептеу үшін № 907 бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының № 025/е нысанының негізінде деректерді енгізуді және растауды қамтамасыз етеді.

77. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

78. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – АЕК көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қор осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "БТЖ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады.

79. АЕК қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеудің нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер тізілімі;

2) осы Қағидаларға 24-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер тізілімі;

3) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған консультациялық-диагностикалық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Қор АЕК көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде "БТЖ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлем шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмектің көрсетілген қызметтерінің актісін (бұдан әрі – АЕК көрсетілген қызметтерінің актісі) қалыптастырады.

81. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

82. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-тарау. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

83. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтер берушілерге ақы төлеуді қор сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының негізінде жүзеге асырады.

84. Қызметтер берушілерге стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу:

1) шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін;

2) аурулардың, операциялар мен манипуляциялардың тізбесі бойынша іс жүзіндегі шығыстар бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін;

3) бір төсек-күн үшін;

4) есептеудің орташа құны бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін;

5) медициналық-экономикалық тарифтер бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Ақы төлеуі осы Қағидалардың 106, 107 және 124-тармақтарында көзделген емделіп шыққан жағдайлардан басқа, күндізгі стационардың бір емделіп шыққан жағдайы үшін ақы төлеу стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтің 1/2 (екіден бір) тарифі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.10.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85-1. Күндізгі стационардың бір төсек-күні үшін ақы төлеу стационарлық көмектің бір төсек күні үшін тарифтен және орташа есеп айырысу құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтен 1/2 (екіден бір) тарифі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-параграф 85-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.10.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

86. Үйдегі стационардағы бір емделіп шыққан жағдай үшін ақы төлеу стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициенті ескеріле отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтің 1/6 тарифі бойынша жүзеге асырылады.

87. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек қызметтерін сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "МҚСБЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

88. Қор "МҚСБЖ" АЖ "Бірыңғай төлеуші" модулінде "Шарттарды жүргізу" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтерді сатып алу шартының және бар болса оған қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

89. "МҚСБЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) автоматтандырылған түрде қалыптастыру және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін қызметтер беруші АЖ-да, соның ішінде "Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "СНЭТ" АЖ) мыналарды:

1) күн сайын № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 003/е, № 096/е және № 097/е нысандары бойынша деректерді енгізуді және растауды қамтамасыз етеді.

Гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу жағдайларын қоспағанда, енгізудің дұрыстығы расталғаннан кейін "СНЭТ" АЖ-да деректер түзетуге жатпайды;

2) стационардан пациент жазылып шыққан күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 066 /е, № 066-1/е, № 066-2/е, № 066-3/е және № 027/е нысандары бойынша стационардан шыққан науқастың статистикалық карталарын қалыптастыру;

3) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне (отызыншы) дейінгі мерзімде мынадай есептерді:

осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген мамандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер үшін шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген мамандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер үшін қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу;

осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсетуге аванстың жоспарлы сомасын бөлу;

осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген мамандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер үшін кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпаратты қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу.

"СНЭТ" АЖ-да осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, қызметтер берушіге ағымдағы есепті кезең үшін стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген ақпаратты енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Қызметтер беруші қордың сұрау салуы бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

91. Ағымдағы қаржы жылының қаңтардағы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін шот-тізілімге медициналық көмек көрсету алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар қосылады.

92. Қор "МҚСБЖ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қалыптастырады.

93. Қызметтер беруші ұсынған сома көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген айлық сомадан асып кеткен жағдайда сапа мен көлемді мониторингтеуді есепке алмай, Шарттың орындалуын бағалаудың сызықтық шкаласы қолданылады.

94. Сызықтық шкаланы қолдана отырып, көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес Сызықтық шкаланы қолдана отырып, көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу алгоритмі негізінде жүзеге асырылады.

95. Сызықтық шкала:

- 1) облыстық және қалалық босандыру ұйымдарына;
- 2) емделіп шыққан жағдайлардың 45 (қырық бес) пайызы және одан астам босандыру үлесімен босандыру қызметтерін көрсететін көпбейінді стационарларға;
- 3) емделіп шыққан жағдайлардың 45 (қырық бес) пайызы және одан астам бір жасқа дейінгі балалар үлесімен бір жасқа дейінгі балаларға қызметтер көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;
- 4) емделіп шыққан жағдайлардың 45 (қырық бес) пайызы және одан астам бір жасқа дейінгі балалар мен босандыру қызметтерінің жиынтық үлесімен бір жасқа дейінгі балаларға қызмет және босандыру қызметтерін көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;
- 5) стационарды алмастыратын медициналық көмек нысаны бойынша көрсетілген гемодиализ бен перитонеалдық диализ қызметтеріне;
- 6) ақы төлеу осы тараудың 3-параграфына сәйкес жүзеге асырылатын онкологиялық аурулары бар балаларға көрсетілетін қызметтерге;
- 7) онкологиялық науқастарға және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдары ұсынатын қызметтерге;
- 8) осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес Аурулар және денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі (бұдан әрі – АХЖ) кодтары бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктерінің және қан, қан өндіру ағзалары ауруларының тізбесі бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктері бар науқастарға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және "University Medical Center" Корпоративтік қоры ұсынатын қызметтерге ;
- 9) жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерге;
- 10) сәбиді күту бойынша (жаңа туған сәбидің дәрі қобдишасы) жинақты қамтамасыз етуге;
- 11) инфекциялық профилдің төсектерінде инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға көрсетілетін қызметтер үшін.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

95-1. Қор стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткен кездегі өлім жағдайлары бойынша "МҚСБЖ" АЖ-ға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша әрбір өлім жағдайына (өліммен аяқталған) сараптамалық қорытындыны сканерленген түрінде бекітеді.

Ескерту. 1-параграф 95-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақы төлеуге жататын есепті кезеңдегі емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

2) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

3) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

4) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтің актісі;

5) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтің нәтижелері бойынша, ақы төлеуге жататын және жатпайтын, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жататын емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі қалыптастырылады.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Қор стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қолмен немесе автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызметтер бойынша көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің көрсетілген қызметтерінің актісі) қалыптастырады.

98. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

99. "Ресурстарды басқару жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "РБЖ" АЖ) тіркелген оқшауландырылған стационардың бөлімшелерінің арасында пациентті ауыстырған жағдайда пациентті емдегені үшін ақы төлеу қорытынды диагноз бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін ақы төлеу ретіне жүзеге асырылады.

100. Осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі бойынша негізгі диагноз болып табылмайтын және АХЖ-10 бойынша КШТ тізбелерінен алынып тасталған диагноздардың тізбесі бойынша төлеу жүзеге асырылмайды.

101. Ауыстыруға, пациенттің өз еркімен кетуіне байланысты пациенттің тәуліктік стационарда қысқа мерзімді (3 тәулікке дейін қоса алғанда) болуына негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнынан нақты өткізген төсек-күндері бойынша ақы төленеді.

Қысқа мерзімді болу кезінде (үш тәулікке дейін қоса алғанда) алдын алуға болмайтын өлім жағдайларында ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнының елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Диагностика мен емдеудің жетілдірілген технологияларын қолдана отырып, емделіп шыққан жағдайлардың жату мерзімі қысқарған жағдайда ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ толық тарифі бойынша жүзеге асырылады.

102. Крон ауруы мен спецификалық емес ойық колит ауруын емдеу кезінде тәулік бойы стационарларда биологиялық терапияны қолдану жағдайында биологиялық терапия препараттарының құнын төлей отырып, негізгі диагноздың КШТ бойынша емделіп шығу жағдайы үшін құны бойынша төленеді.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Бейінді емес стационарларда онкологиялық аурулардың мен туберкулездің диагнозын алғаш анықтаған кезде емделіп шыққан жағдай үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның тиісті КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

104. Денсаулық туралы Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес тарифтерді бекіткен кезде уәкілетті орган айқындаған қызмет берушілер тізбесі бойынша стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек үшін ақы төлеу, бір төсек-күн үшін, есептік орташа құны бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін және медициналық-экономикалық тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Есептік орташа құны бойынша емделіп шыққан жағдайлар үшін ақы төлеу жүзеге асырылатын қызметтер берушілерге емдеу ұзақтығын негізді қысқарту жағдайларында ақы төлеу есептеу бір төсек-күннің орташа құны бойынша нақты төсек-күндер үшін жүзеге асырылатын бір емделіп шыққан жағдай үшін тариф бойынша жүргізіледі, бұл ретте, бір төсек-күннің құны бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтің құнын төсек-күндердің белгілі бір жоспарлы санына бөлу арқылы есептеледі.

105. 4,0 астигматизм және одан да артық диоптрий, 5,0 анизиметропия және одан да артық диоптрий кезінде көз мөлдірқабығының рефракциялық қасиеттерін түзету операциялары бойынша ақы төлеу шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тариф бойынша жүзеге асырылады.

106. Күндізгі стационар жағдайында "Коронарлық артериография" қызметін өткізген жағдайда ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнының елу пайыздық сома мөлшерінде жүргізіледі.

107. Тарифтер бойынша күндізгі стационар жағдайында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу "Созылмалы бүйрек функциясының жеткіліксіздігі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БСЖ" АЖ) тіркелген пациенттерге нақты көрсетілген сеанстар үшін жүргізіледі.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Есепті кезеңдегі бір пациенттің барлық сеанстары бір емделіп шыққан жағдай ретінде есептеледі, бұл ретте негізгі диагноздың тарифі нөлдік мөлшерлеме бойынша есептеледі.

109. Гемодиализ қызметтеріне мұқтаж пациентті "БСЖ" АЖ-да тіркеуді гемодиализ қызметтерін беруші пациенттің еркін таңдауы мен еркін нысанда жазылған жеке өтінішінің негізінде жүзеге асырады.

110. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-параграф. Нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс немесе қосымша шығыстарды өтеп, клиникалық-шығынды топтар бойынша ақы төленуі тиіс стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету жағдайларына ақы төлеу тәртібі

111. Осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша операциялар үшін ақы төлеу шығыстардың мынадай баптары:

1) жалақы;

2) салықтар немесе бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес төленетін кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар;

3) тамақтану;

4) дәрілік заттар, медициналық бұйымдар (бұдан әрі – МБ);

5) тарифтер бойынша медициналық қызметтер;

6) бір пациентке қайта есептегенде алдыңғы айда қызметтер берушінің коммуналдық және басқа шығыстарына арналған нақты шығындар бойынша есептелетін коммуналдық шығыстар.

Нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төлеу кезінде дәрілік заттар мен МБ-ға шекті құнынан аспайтын олардың нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленеді, қызметтер

беруші көрсетілген құнға арналған растайтын құжаттарды ұсына отырып, ақпараттық жүйелерге дәрілік заттар мен МБ-ның нақты (сатып алу) құнын енгізеді.

Нақты келтірілген шығыстар үшін төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша операция жүргізу кезінде транспланттау мақсатында кадаврды бір мәйіттен ағзаларды және/немесе тіндерді мультытағзанық алуына дайындау бойынша қызмет көрсету үшін ақы төлеу бір рет жүзеге асырылады. Сол мәйіттен ағзалардың және/немесе тіндердің мультиоргандық қоршауына кадаврды дайындау бойынша қызметке ақы төлеуге басқа да денсаулық сақтау субъектісі мәлімдеген жағдайда ақы төлеу жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111-1. Республикалық ауыр акушерия орталығына емдеуге жатқызылған босанулардан/аборттардан кейінгі ауыр жағдайдағы әйелдерге мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу нақты шығындар бойынша осы Қағиалардың 118 - тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 111-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, клиникалық-шығындық топтардың құны бойынша ақы төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша ақы төлеу:

1) тарифтер бойынша негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша ақы төленетін емделіп шыққан жағдайдың құнын;

2) уәкілетті орган белгілейтін шекті бағалардан аспайтын нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленетін дәрілік заттар мен МБ-ның құнын;

3) тарифтер бойынша төленетін медициналық көрсетілетін қызметтердің құнын қосу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112-1. Республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдарда Аяқталмаған остеогenez диагнозы бар науқастарға мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсеткені үшін әрбір жағдай бойынша ақы төлеу пациентке дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды беруді негіздей отырып, көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін нақты шығындар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 112-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.10.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Терминалдық сатыдағы бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі бар науқастарға тәуліктік стационар жағдайында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу

негізгі және ілеспе диагноз болып табылатын, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және көрсетілген сеанстардың құнына тарифтер бойынша ақы төлене отырып жүргізіледі.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Дәрі-дәрмектік терапиямен беті қайтарылмаған, жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігімен асқынған аурулардың ауыр жағдайлары кезінде тәуліктік стационар жағдайларында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және тарифтер бойынша көрсетілген сеанстардың құнына ақы төлей отырып жүргізіледі.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. Тәуліктік стационардан тірі жаңа туған нәрестесі бар босанған әйел жазылып шыққан кезде қызметтер берушіге ақы төлеу есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі айдың 5-күнінен (бесінші) кешіктірмей көрсетілген құнға арналған растаушы құжаттарды ұсына отырып, нақты (сатып алу) құны бойынша сәбиді күту жинағының (жаңа туған нәрестенің дәрі-дәрмек қобдишасы) құны төленіп, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

Қызметтер беруші "ДҚ" АЖ-да сәбиді күту жинағын (жаңа туған нәрестенің дәрі-дәрмек қобдишасы) босатудың тіркелуін қамтамасыз етеді.

116. Осы Қағидаларға 50-1-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, клиникалық-шығындық топтардың құны бойынша ақы төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша тәуліктік стационар жағдайында жүктілік пен босанудың асқынған ағымы үшін ақы төлеу дәрілік заттар мен МБ-ға арналған қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құны бойынша өңірлендіру қағидаттарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Тәуліктік стационар жағдайларында альбуминдік және перитонеалдық диализ қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша және тарифтер бойынша көрсетілген сеанстардың құнын төлей отырып, жүргізіледі.

Денсаулық сақтау ұйымдарына "СНЭТ" АЖ-да сканереленген түрде бекітілген жөнелтпе құжат бойынша үйде перитонеалдық диализді өз бетінше жүргізу үшін пациентке берілген шығыс материалдарына арналған шығындар өтеледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116-1. Өкпе гипертензиясын, сондай-ақ тәулік бойы стационар жағдайында асқынған өкпе гипертензиясын емдеу кезінде азот монооксидін қолданған жағдайда

ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша тарифтер бойынша қызметтің құнын төлей отырып жүргізіледі.

Ескерту. 116-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Қор тәуліктік стационар жағдайында жүргізілетін терапияның тиімсіздігі және осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін дәрілік заттар мен МБ-ны өмірлік көрсетілімдері бойынша науқасқа негізді ұсыну жағдайында емделіп шыққан жағдай үшін қосымша шығындарға деректеріне ақы төлейді және осы Қағидалардың 30-тармағында көзделген тәртіппен стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасында көрсетеді.

Қосымша шығындарға ақы төлеу мыналардың:

1) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 15-күнінен (он бесінші) кешіктірмей қорға жіберілетін, осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттарды, МБ-ны науқасқа ұсынғаны үшін мәлімделген шығындарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қызметтер берушінің жазбаша өтінішінің;

2) қордың және қызметтер берушінің лауазымды тұлғалары қол қойған салыстыру актісінің;

3) осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттар мен МБ-ны пациентке ұсынудың негізділігі туралы сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерінің ;

4) қор құрған комиссияның дәрілік заттар мен МБ-ға қосымша шығындардың негізділігі туралы оң қорытындысының негізінде жүзеге асырылады. Комиссияның құрамына уәкілетті органның және қордың өкілдері кіреді.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118-1. Республикалық ауыр акушерия орталығына емдеуге жатқызылған, ауыр жай-күйдегі босанған әйелдерге медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу осы Қағидалардың 118-тармағында көзделген тәртіппен дәрілік заттарға, МБ және медициналық көрсетілетін қызметтерге нақты жұмсалған шығыстар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 118-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

119. Тәуліктік стационар жағдайында химиялық терапия жүргізілген лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмекке ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша оның шекті көлемінен аспайтын нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Лимфоидты және қан өндіру тiнiн қатерлi iсiктерiнiң жiтi нысандарын және қан өндiру депрессиясын емдеу кезiнде тәулiктiк стационарға алғашқы емдеуге жатқызуға нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, негiзгi диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша ақы төленедi, кейiнгi емдеуге жатқызуларға ақы төлеу оның шектi көлемiнен аспайтын нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлеу отырып, негiзгi диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделiп шыққан жағдай құнының отыз пайызы мөлшерiнде жүргiзiледi.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Лимфоидты және қан өндiру тiндерiнiң қатерлi iсiктерiнiң жiтi нысандарын және қан өндiру депрессиясын емдеу кезiнде жоғары дозалық химиялық терапияны қолданатын қызметтер берушiлерге тәулiктiк стационарға кейiнгi емдеуге жатқызулар кезiнде сүйек кемiгiн транспланттау операциясын жүргiзу жағдайларынан басқа, шектi құнынан аспайтын нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, негiзгi диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделiп шығу жағдайының жетпiс бес пайыздық құны бойынша төленедi. Сүйек кемiгiн транспланттау операциясын жүргiзе отырып, лимфоидты және қан өндiру тiндерiнiң қатерлi iсiктерi бар пациенттердi емдеу нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, уәкiлеттi орган айқындаған шектi құнынан аспайтын негiзгi диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделiп шығу жағдайының құны бойынша төленедi.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Тәулiктiк стационар жағдайларында онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететiн республикалық денсаулық сақтау ұйымына емделiп шыққан науқастар үшiн ақы төлеу негiзгi диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және химиялық терапияның, сәулелiк терапияның, иммундық-гистохимиялық зерттеудiң құны төлене отырып, жүргiзiледi.

123. Бауыр циррозы мен фиброзын емдеу кезiнде ақы төлеу негiзгi диагноздың немесе операцияның тиiстi КШТ бойынша және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы шығыстар төлене отырып, жүргiзiледi.

124. Күндізгі стационар жағдайында онкологиялық науқастарға және лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктері бар науқастарға медициналық қызмет көрсететін қызметтер берушілерге ақы төлеу:

1) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлеумен КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің $\frac{1}{4}$ тарифі бойынша химиотерапия сеансы үшін;

2) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын төлеумен КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің $\frac{1}{4}$ тарифі бойынша сәулелік терапия көрсету кезінде;

3) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын және сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын өтей отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің $\frac{1}{4}$ тарифі бойынша химиялық және сәулелік терапия сеанстары үшін жүргізіледі.

Есепті кезеңдегі 1 (бір) науқасқа арналған химиотерапия мен сәулелік терапияның барлық сеанстары бір емделген жағдай ретінде есептеледі.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.10.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-параграф. Медициналық-экономикалық тарифтер бойынша онкологиялық аурулары бар балаларға стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету жағдайларына ақы төлеу тәртібі

126. Тәуліктік стационар деңгейінде онкологиялық аурулары бар балаларға блоктар (сызбалар) бойынша көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу емдеу құнын, емдеудің ұзақтығы мен стационарды алмастыратын көмекті қоса алғанда, нақты нозологияны емдеудің толық курсының құны медициналық-экономикалық тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Нақты нозологияны емдегені үшін ақы төлеу сомасы емдеудің толық курсының құнынан аспайды. Медициналық-экономикалық тарифтер бойынша ақы төлеу кезең-кезеңмен емдеу курсының блоктары (сызбалары) бойынша жүзеге асырылады.

Егер өткізілген төсек-күндердің саны бір емдеу блогының (сызбасының) белгіленген емдеу мерзімінің 50 (елу) және одан да аз пайызын құраса, ақы төлеу емдеу блогы (сызбасы) құнының 30 (отыз) пайызы ұсталып, жүргізіледі.

129. Емдеу блоктары (сызбалары) арасындағы емдеу үзілісінде онкологиялық аурулары бар балаларды байқау қажет болған кезде ақы төлеу стационарды алмастыратын көмек деңгейінде жүзеге асырылады.

Онкологиялық аурулары бар балалар үшін оңалтуды көрсету кезінде қызметтер беруші қормен келісім бойынша қызметтер көрсету бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін беру арқылы бірлесіп орындаушыларды тартады. Бірлесіп орындаушылардың көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Амбулаториялық емдеу кезеңі бар нозологиялар үшін дәрілік заттар стационарлық емдеу курсы аяқталған соң беріледі, бұл ретте пациентке берілген дәрілік заттардың құнына ақы төлеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15724 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 666 бұйрық) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесіне кіретін дәрілік заттарды қоспағанда, "СНЭТ" АЖ-да сканерленген түрде бекітілген жөнелтпе құжаттың негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Жедел медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

132. Жедел медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтер берушіге ақы төлеу:

1) жедел медициналық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив бойынша;

2) тромболитикалық терапия жүргізгені үшін – Денсаулық туралы кодекстің 7-бабы 1-тармағының 20) және 68) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган айқындаған шекті құнынан аспайтын препараттың нақты (сатып алу) құны бойынша жүзеге асырылады.

133. Қызметтер берушіге жедел медициналық көмек көрсеткені үшін есепті кезең үшін ақы төлеу сомасы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына сәйкес жедел көмектің жан басына шаққандағы нормативін халық санына көбейту арқылы айқындалады.

Жедел көмектің жан басына шаққандағы нормативі бойынша қызметтер берушіге жедел медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты емес.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

133-1. Білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек және медициналық көмек қызметтерін сатып алу шарттарын есепке алуды қор қол немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

Автоматтандырылған режимде Қор "БТЖ" АЖ-ның "Төлем жүйесі" модулінде "Шарт талаптары" салымына деректерді енгізеді, оларды растайды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының және болған жағдайда оған қосымша келісімдердің көшірмесін тіркейді.

Ескерту. 133-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

134. Осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек және медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек, медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) автоматтандырылған түрде қалыптастыру кезінде ақы төлеуді жүргізу және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін қызметтер беруші № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 110/е, № 110-2/е және № 114/е нысандары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-ға күн сайынғы дербестендірілген енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

135. Осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек және медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді сатып

алу шартын орындау хаттамасы (бұдан әрі – жедел медициналық көмек қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасы) қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-ға.

Ескерту. 135-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

136. Жедел медициналық көмек қызметтерінің жедел көмектің Сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

- 1) осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтеуден өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімін;
- 2) осы Қағидаларға 54-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;
- 3) осы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Қызметтер беруші бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарының негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде "БТЖ" АЖ-да есепті кезеңде:

- 1) осы Қағидаларға 56-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек көрсету кезіндегі кірістер құрылымы;
- 2) осы Қағидаларға 57-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек көрсету кезіндегі шығыстар құрылымы;
- 3) осы Қағидаларға 58-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек көрсету кезінде қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу;
- 4) осы Қағидаларға 59-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек көрсету кезінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- 5) осы Қағидаларға 60-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек көрсету кезінде аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Осы тармақта көзделген ақпарат ұсынылмаған жағдайда, көрсетілген ақпарат ұсынғанға дейін қызметтер берушіге ағымдағы есепті кезең үшін көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыру жүргізілмейді.

Қызметтер беруші Қордың сұратуы бойынша оның негізінде осы тармақта көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

138. Қор жедел медициналық көмек қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да

осы Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек және медициналық көмек бойынша көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – жедел медициналық көмек қызметтерінің актісі) қалыптастырады.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

139. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

140. Қызметтер берушіге білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу медициналық көмекті бір шақыру үшін тариф бойынша жүзеге асырылады.

141. Қызметтер берушіге есепті кезеңдегі білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы бір шақыру үшін тарифті есепті кезеңдегі шақырулардың нақты санына көбейту арқылы айқындалады.

142. Қызметтер беруші № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 110-2/е нысаны негізінде осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – жедел медициналық көмек, білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) осы Қағидалардың 27-тармақтарымен көзделген қарастырылған тәртіп пен мерзімде қалыптастырады және қорға береді.

143. Қор осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмектің және білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмектің көрсетілетін қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – жедел медициналық көмектің көрсетілетін қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасы) қалыптастырады.

144. Білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдау жөніндегі қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 63-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты қызметтер тізілімі;

2) осы Қағидаларға 63-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты қызметтер тізілімі;

3) осы Қағидаларға 64-қосымшаға сәйкес білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға жөніндегі қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Қор жедел медициналық көмектің көрсетілетін қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде осы Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмектің және білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмектің көрсетілген қызметтерінің актісін (бұдан әрі – жедел медициналық көмектің көрсетілген қызметтерінің актісі) қалыптастырады.

146. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

147. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

4 – тарау. Медициналық көмек нысандарының кешенін көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

1-параграф. Ауыл халқына медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

148. Ауыл субъектілері көрсеткен қызметтерге ақы төлеу ауыл халқына кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша (бұдан әрі – ауыл халқына КЖН) мынадай:

1) № 281 бұйрыққа сәйкес МСАК;

№ 626 бұйрыққа сәйкес КДК нысанында осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес шығындары қалалық маңызы бар денсаулық сақтау субъектілері мен аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтер кешені үшін кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеу кезінде ескерілетін қызметтер тізбесі бойынша бекітілген халыққа амбулаториялық-емханалық қызметтер кешенін қамтамасыз ету бойынша;

2) МСАК қызметкерлерін ынталандыру бойынша қызметтер үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. БХТ-ға тіркелген бекітілген халықтың саны бойынша МСАК көрсететін ауыл субъектілері үшін есепті кезең үшін КЖН ауыл халқына есепті кезеңнің соңғы күнінде айқындалады.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

150. Есепті кезеңде ауыл халқына қызмет көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы ауыл халқына арналған КЖН-ны есепті кезеңде БХТ-да тіркелген, бекітілген ауыл халқының орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі бекітілген ауыл халқының орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін БХТ-да тіркелген бекітілген ауыл халқының санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Есепті кезеңдегі ауыл халқына арналған КЖШН бойынша ауыл халқына қызмет көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты емес.

152. Ауыл субъектілері үшін ауыл халқына қызметтерге ақы төлеу кезінде:

1) фенилкетонуриямен ауыратын бекітілген халыққа қызмет көрсететін ауыл субъектілері үшін емдік ақуызы төмен өнімдермен және фенилаланиннің төмен құрамы бар өнімдермен қамтамасыз етуге арналған шығындар;

2) тәуліктік стационардан тірі жаңа туған нәрестесі бар босанған әйел шыққан кезде сәбиге күтім жасау жинағының (жаңа туған нәрестенің дәрі-дәрмек қобдишасы) құнымен қамтамасыз етуге арналған шығындар көзделеді.

Емдік ақуызы төмен өнімдерді және фенилаланиннің төмен құрамы бар өнімдерді, сәбиге күтім жасау жинақтарын (жаңа туған нәрестенің дәрі-дәрмек қобдишасы) босату "ДҚ" АЖ-да тіркеледі.

Қор салыстыру актісінің негізінде сәбиге күтім жасау жинағын (жаңа туған нәрестенің дәрі-дәрмек қобдишасы) алған адамдардың санын және ауыл субъектісіне бекітілген фенилкетонурия ауруы бар адамдардың санын өзгертуге байланысты қызметтерді сатып алу шартының сомасын түзетуді жүзеге асырады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Ауыл халқына қызметтер көрсету үшін қызметтерді сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "БТЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "БТЖ" АЖ "Төлем жүйесі" модуліндегі "Шарттың негізгі талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

154. Осы Қағидаларға 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл халқына медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – ауыл халқына қызмет көрсеткені үшін шот-тізілім) ақы төлеуге және "БТЖ" АЖ-да автоматтандырылған

түрде қалыптастыру және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін ауыл субъектісі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) күн сайын МАЖ-ның "Тіркеу бөлімі" модулінде дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазылу, активтер мен үйге шақырулар бойынша мәліметтерді енгізуді;

2) күн сайын "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 025/е және № 025-7/е нысандары бойынша халыққа МСАК және ҚДК мамандары көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтерді дербестендірілген тіркеуді;

3) күн сайын "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да №907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың 201/е нысаны бойынша ҚДК-ға сыртқы жолдамаларды енгізуді;

4) "ДҚ" АЖ-да емшек сүтінің бейімделген алмастырғыштарын босатуды күн сайын енгізуді;

5) жасалған қоса орындау шарттары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-ның "Төлем жүйесі" модулінде олар жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуді және растауды;

6) "БТЖ" АЖ-да қызметтер берушінің бекітілген халыққа ҚДК көрсетуге қоса орындау шартын орындау хаттамасын, қызметтер берушінің бекітілген халыққа қоса орындау шарты бойынша АЕК көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыруды;

7) оны есептеу мен бөлу осы Қағидалардың 2-бөлімінің 1-кіші бөлімі 1-тарауының 1-параграфында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын КЖНЫК төлеу үшін қажетті деректерді "БТЖ" АЖ енгізуді;

8) бастапқы бухгалтерлік құжаттардың негізінде есепті кезеңде "БТЖ" АЖ-да мыналар:

осы Қағидаларға 66-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсету кезіндегі кірістер құрылымы;

осы Қағидаларға 67-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсету кезіндегі шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 68-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсету кезіндегі кірістер мен шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 69-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсетуі кезіндегі қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу;

осы Қағидаларға 70-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсету кезінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

осы Қағидаларға 71-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің медициналық көмек көрсету кезіндегі аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпарат қалыптастыруды;

9) осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу есепті кезеңнен кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады;

10) осы Қағидалардың 2-бөлімінің 2-кіші бөлімі 1-тарауының 1-параграфына сәйкес "ЖБНҚК" АЖ-ға деректерді енгізу;

11) № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 003/е нысандары бойынша "СНЭТ" АЖ-да деректерді күн сайын енгізу және растау. "СНЭТ" АЖ-ға гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу жағдайларын қоспағанда, енгізілген деректер расталғаннан кейін түзетуге жатпайды;

12) пациенттің стационардан шыққан күнінен кейінгі күннен кешіктірмей "СНЭТ" АЖ-да шығару эпикризін қалыптастыру;

13) медициналық карталардан "СНЭТ" АЖ-да деректерді енгізу нәтижелері бойынша стационардан шыққан адамның статистикалық картасын қалыптастыру (№ 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 066/е және № 003/е нысандары).

"БТЖ" АЖ-да осы тармақтың 7) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, ағымдағы есепті кезең үшін ауыл субъектісіне ауыл халқына қызмет көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген ақпарат енгізілгенге дейін жүргізілмейді.

Ауыл субъектісі Қордың сұратуы бойынша оның негізінде осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

155. Қор ауыл субъектілері бойынша:

1) "МҚСБЖ" АЖ-ға стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің сапасын сараптау нәтижелерін енгізеді;

2) "БТЖ" АЖ-да стационарлық науқастардың әрбір өлім жағдайына (өлімімен аяқталған) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытындыны сканерленген түрінде қоса береді.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Қор қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл халқына медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – ауыл халқына көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қалыптастырады, онда "ЖБНҚК" АЖ-да автоматтандырылған режимде есептелген түпкілікті нәтиже индикаторларына ауыл субъектісінің қол жеткізу нәтижелері ескеріледі.

157. Ауыл халқына көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек қызметтерінің тізілімі;

2) осы Қағидаларға 14-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен амбулаториялық-емханалық көмек қызметтерінің тізілімін;

3) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі;

4) осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;

5) осы Қағидаларға 54-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен жедел медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;

6) осы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмекті медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі;

7) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

8) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтеуден өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

9) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын көмекті медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Қор қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 79-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл халқына медициналық көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – ауыл халқына көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

159. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

160. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-параграф. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу

163. Қызметтер берушілердің қызметтеріне ақы төлеу – облыстық, өңірлік, қалалық онкологиялық ұйымдардың және көпбейінді клиникалардың онкологиялық бөлімшелерінің (бұдан әрі – онкодиспансер) көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген соманың шегінде:

1) осы тармақтың 2)-8) тармақшаларында көзделген қызметтерді қоспағанда, қатерлі ісіктерден зардап шегетін (С00-С80, С97, С81-С85 АХЖ-10 кодтары бойынша) 18 жастағы және одан асқан онкологиялық науқастарға Тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес медициналық көрсетілетін қызметтер кешенін көрсеткені үшін бір онкологиялық науқасқа арналған кешенді тариф бойынша;

2) онкологиялық науқастарды химиялық препараттармен қамтамасыз еткені үшін – шекті құнынан аспайтын химиялық препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша;

3) жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қоспағанда, онкологиялық науқастарға сәулелік терапия сеанстарын көрсеткені үшін –тарифтер бойынша;

4) осы Қағидаларға 79-1-қосымшаға сәйкес онкологиялық науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек түрінде көрсетілетін АХЖ-9 кодтары бойынша қызметтер/операциялар тізбесі бойынша – шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделген жағдайға тарифтер бойынша;

5) еркін таңдау құқығын іске асыру шеңберінде онкодиспансерде есепте тұрмайтын онкологиялық науқастарға (диагнозын растауға жіберілген ісік алды аурулары бар науқастарға) (бұдан әрі – өзге қалалық науқас) стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін – осы Қағидаларға 79-1-қосымшаға сәйкес қызметтерді/операцияларды қоспағанда, шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтер бойынша (С00-С80, С97, С81-С85 АХЖ-10 кодтары бойынша) жүзеге асырылады;

6) зақым келтіретін бірігу патологиясы бар IV клиникалық топтағы онкологиялық науқастарға мобильді топтарымен ауруға уақытша жеңілдік беретін көмекке паллиативтік көмек көрсету үшін - уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша;

7) телепатология жүйесі арқылы ісіктердің биоүлгілеріне халықаралық телеконсультация өткізгені үшін - тарифтер бойынша;

8) молекулалық-генетикалық және молекулалық биологиялық диагностиканы жүргізу үшін - тарифтер бойынша.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "ОНЭТ" АЖ "Қаржы блогы" модуліндегі "Шарттың талаптары" қосымша бетіне деректерді енгізеді, оларды растайды және онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтерді сатып алу шартының және бар болса оған қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

165. Есепті кезеңдегі бір онкологиялық науқасқа арналған кешенді тариф бойынша онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін онкодиспансерлерге ақы төлеу сомасы онкологиялық аурулары бар он сегіз жасқа дейінгі балаларды және "ОНЭТ" АЖ-да қатерлі лимфоидтік және қан өндіру тінінің қатерлі ісіктері бар науқастарды қоспағанда, бір онкологиялық науқасқа арналған кешенді тарифті есепті кезеңдегі онкологиялық науқастардың ортатізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі онкологиялық науқастардың ортатізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде "ОНЭТ" АЖ-да тіркелген онкологиялық науқастардың санын қосу және алған қосындыны айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

166. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) қалыптастыру осы Қағидаларға 80-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолмен немесе автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырылады.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

167. Онкодиспансердің есепті кезеңдегі ақы төлеуге ұсынатын және онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсететін сомасын автоматтандырылған есептеу денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде есепті кезең ішінде:

- 1) онкологиялық науқастардың есепке қойылуын;
- 2) онкологиялық науқастардың есептен шығарылуын;
- 3) онкологиялық науқастарға медициналық көмекті көрсету жағдайларын тіркеудің (қайта тіркеудің) негізінде қамтамасыз етіледі.

168. Онкологиялық науқастарға көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде онкологиялық науқастарды есепке қоюды тіркеуді (қайта тіркеуді) онкодиспансер күн сайын "ОНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде:

- 1) № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 090/е, № 025/е немесе № 003/е нысандары;
- 2) басқа онкодиспансерге қайта тіркелу туралы онкологиялық науқастың жеке өтініші (еркін нысанда ресімделген);
- 3) онкодиспансердің сканирленген түрде бекітілетін, осы онкодиспансерге берілген онкологиялық науқастың жеке өтінішінің (еркін нысанда ресімделген) негізінде басқа

онкодиспансерге онкологиялық науқасты тіркеуге (орналастыруға) сұрау салуы негізінде жүзеге асырады.

169. Онкодиспансер онкологиялық науқасты басқа онкодиспансерге орналастырудан бас тартқан жағдайда онкодиспансер бас тартудың уәжделген себебін көрсетеді және онкодиспансердің басшысы қол қойған бас тарту туралы шешімді сканирленген түрде "ОНЭТ" АЖ-де бекітеді.

170. Онкологиялық науқастардың есепке қойылуын тіркеудің (қайта тіркеудің) нәтижесі бойынша "ОНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде:

- 1) бір онкологиялық диспансерден басқасына ауыстырылған;
- 2) МСАК ұйымына бекітілген және осы өңірдің онкодиспансерінде есепте тұрмаған ;
- 3) осы өңірдің онкодиспансерінде есепте тұрған және басқа өңірдің МСАК ұйымына бекітілген онкологиялық науқастардың тізімі қалыптастырылады.

171. Онкологиялық науқастарды есептен шығаруды тіркеуді онкодиспансер "ОНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде:

- 1) онкодиспансердің диспансерлік бөлімшесінің онкологиялық науқастың сауығуы туралы қорытындысы;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінен (бұдан әрі – АХАТБ органдары) келіп түсетін қайтыс болу туралы мәліметтерді;
- 3) БХТ порталында тіркелген онкологиялық науқастың қайтыс болуы туралы куәлікті;
- 4) Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы ішкі істер органдарының ресми деректерінің негізінде жүзеге асырады.

Онкодиспансер АХАТБ органы онкологиялық науқастың қайтыс болуын тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей автоматты түрде есептен алынған қайтыс болғандарды қоспағанда, онкологиялық науқастың қайтыс болу себептерін "ОНЭТ" АЖ-да нақтылайды. Онкологиялық науқастардың есептен шығарылуын тіркеу нәтижесі бойынша "ОНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде автоматты түрде есептен шығарылған онкологиялық науқастардың және есептен шығарылмаған қайтыс болған онкологиялық науқастардың тізімдері қалыптастырылады.

172. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету жағдайларын "ОНЭТ" АЖ-да тіркеу:

- 1) № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 066-2/е, № 003/е және 025/е нысандары бойынша стационарлық, стационарды алмастыратын және амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсету туралы деректерді күн сайын растауды енгізу;

2) пациенттің стационардан шығуынан немесе амбулаториялық емдеудің аяқталуынан кейінгі келесі үш жұмыс күнінен кешіктірмей шығару эпикризін растауды енгізу;

3) емдеудің барлық кезеңдерінде таргеттік препараттарды қоса алғанда, онкологиялық науқастар есепті кезеңде пайдаланған химиопрепараттар туралы деректерді растауды.

Ескерту. 172-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

173. Онкологиялық науқастарға химиялық препараттарды нақты қолдану бойынша деректерді "ОНЭТ" АЖ-ға енгізуді онкодиспансердің дәрігер химиотерапевті шекті құнынан аспайтын химиялық препараттардың нақты (сатып алу) бағасын ескере отырып, химиялық препараттарды қолдану сызбасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

174. Онкодиспансер есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың отызыншы күніне дейін "ОНЭТ" АЖ-ға алдыңғы есепті кезеңдегі мынадай есептерді:

1) осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсету кезіндегі кірістердің құрылымы;

2) осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсету кезіндегі шығыстардың құрылымы;

3) осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу;

4) осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

5) осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге арналған аванстың жоспарлы соммасын бөлу туралы ақпаратты енгізеді.

"ОНЭТ" АЖ-да осы тармақпен көзделген ақпарат болмаған жағдайда, онкодиспансерге ағымдағы есепті кезеңдегі онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген деректерді енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Онкодиспансер қордың сұрау салуы бойынша негізінде осы тармақта көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

175. Осы Қағидаларға 86-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын

орындау хаттамасын (бұдан әрі – онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қор қолмен немесе автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да қалыптастырады.

176. Онкодиспансер көрсеткен медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдық мониторингтеуден өткен емханаға жатқызу жағдайларының тізілімі;

2) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдық мониторингтеуден өткен емханаға жатқызу жағдайларының тізілімі;

3) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық қызметтер сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі;

4) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша барлық қатысушылардың медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жататын және жатпайтын емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімін.

Ескерту. 176-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

177. Қор қайтыс болған онкологиялық науқастар бойынша "ОНЭТ" АЖ-да осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір өлім (өліммен аяқталған) жағдайға сараптамалық қорытындыны сканерленген түрінде бекітеді.

Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178. Қайтыс болған күні өткен есепті кезеңде тіркелген онкологиялық науқастарды қайтыс болу себебі бойынша "ОНЭТ" АЖ-да есептен шығарған жағдайда ақы төлеу Бірыңғай ақаулар жіктеліміне сәйкес күніне бір онкологиялық науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап онкологиялық науқастың есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын шешуді ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

179. Онкологиялық науқасты уақтылы есептен шығармағаны және оның қайтыс болуы туралы мәліметтерді "ОНЭТ" АЖ- алмағаны және уақтылы тіркемегені үшін айыппұл санкциялары лимфоидтік және қан өндіру тінінің қатерлі ісіктері бар науқастарға, қайтыс болғаннан кейін тіркелген онкологиялық науқастарға, 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс болған онкологиялық науқастарға қатысты қолданылмайды.

180. Қор онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде "ОНЭТ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 88-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша онкологиялық науқастарға медициналық көмекті көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

181. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

182. Онкодиспансер онкологиялық науқастарға (диагнозын растауға жіберілген ісік алды аурулары бар науқастарға) медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету үшін бірлесіп орындаушыны тартады. Бірлесіп орындаушының көрсетілген қызметтері үшін ақы төлеу:

1) көрсетілген КДҚ үшін – тарифтер бойынша;

2) онкологиялық науқастарға (диагнозын растауға жіберілген ісік алды аурулары бар науқастарға) стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін – шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтер бойынша (С00-С80, С97, С81-С85 АХЖ-10 кодтары бойынша) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасы шегінде азаматтық заңнамаға сәйкес бірлесіп орындаушымен жасалған шарт бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

184. Жоғары технологиялық медициналық қызметтерге ақы төлеу тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Амбулаториялық деңгейде сәулелік терапия өткізгені үшін ақы төлеу нақты көрсетілген сәулелік терапия сеанстары үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, қызметтер беруші сәулелік терапия құнының есебінен науқастарың пансионтта тұруын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

185. Мобильдік бригада қызметтерін қоспағанда, спецификалық емдеуді жүргізуге мүмкіндік бермейтін, ауырлататын іліспелі патологиясы бар IV клиникалық топтағы онкологиялық науқастарға паллиативтік көмек және мейіргерлік күтімді көрсету үшін ақы төлеу тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

186. Қызметтер берушілер – туберкулезге қарсы диспансерлерге туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу:

1) туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша;

2) № 666 бұйрыққа сәйкес олардың шекті құнынан аспайтын туберкулезге қарсы препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша медициналық ұйымдардың дәрілік формулярына сәйкес бойынша туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз еткені үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген соманың шегінде жүзеге асырылады.

Туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф:

1) туберкулез ауруының болуына күдікті адамдарға туберкулезді анықтау бойынша емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) туберкулезбен ауыратын (белсенді туберкулез) адамдарды емдеу-диагностикалық іс-шаралармен қамтамасыз ету және туберкулезге қарсы диспансерлерде диспансерлік есепте тұратын адамдарды диспансерлік бақылауға;

3) туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік-психологиялық және паллиативтік көмек көрсетуге арналған шығындарды көздейді.

Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу республикалық ұйымда бір төсек-күн тарифі бойынша стационарлық алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 186-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Туберкулезге қарсы диспансерлерде диспансерлік есепте тұратын адамдарды амбулаториялық емдеуді және диспансерлік бақылауды ұйымдастыратын диспансерлік бөлімшелер болмаған жағдайда осы медициналық қызметтерді көрсетуге қормен келісім бойынша, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген қаражаттың есебінен бірлесіп орындаушылар ретінде МСАК субъектілері тартылады.

188. Туберкулезге қарсы диспансер туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы есепті кезеңдегі туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тарифті есепті кезеңде туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастардың орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңде туберкулездің белсенді науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күніне "ТАҰТ" АЖ-да тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастардың санын қосу арқылы және алынған соманы айдың күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы айқындалды.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша жасалған қызметтерді сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырады. Қор "ОНЭТ" АЖ "Қаржы блогы" модуліндегі "Шарттың талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартының және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

190. Осы Қағидаларға 89-қосымшаға сәйкес нысан бойынша туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық- әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) қалыптастыруды туберкулезге қарсы диспансер "ОНЭТ" АЖ-да қолмен және автоматтандырылған режимде жүзеге асырады.

191. Туберкулезге қарсы диспансер ақы төлеуге ұсынатын және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық- әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманы автоматтандырылған есептеу:

"ТАҰТ" АЖ-да белсенді туберкулез бар адамдарды тіркеу (қайта тіркеу), есепке қою және есептен шығару;

"ДҚ" АЖ-да туберкулезге қарсы препараттардың жұмсалудың тіркеу негізінде жүзеге асырылады.

192. Туберкулезбен ауыратын науқастардың есепке қойылуын тіркеуді (қайта тіркеуді) туберкулезге қарсы диспансер № ТБ 01/е нысанындағы немесе ТБ 01/е – IV санат нысанындағы туберкулезбен ауыратын науқастың медициналық картасының негізінде күн сайын "ТАНҰТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде жүзеге асырады. Туберкулезбен ауыратын белсенді науқастың есептен шығарылуын тіркеуді туберкулезге қарсы диспансер "ТАНҰТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде:

1) № 907 бұйрықпен бекітілген емдеудің аяқталуы туралы № ТБ 01/е нысанындағы немесе ТБ 01/е – IV санат нысанындағы бастапқы медициналық құжаттаманың нысандары;

2) АХАТБ органдарынан келіп түсетін қайтыс болу туралы мәліметтер;

3) БХТ тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастың қайтыс болуы туралы куәлік;

4) "ТАҰТ" АЖ-да туберкулезбен ауыратын науқастың қайтыс болу жағдайын тіркеу фактісі;

5) № 907 бұйрықпен бекітілген ТБ 01/е нысаны бойынша белгіленген туберкулезбен ауыратын науқастың басқа өңірге кетуін растау;

6) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кету;

7) емдеудің үзілуі туралы (2 (екі) ай бойы емнің болмауы) № ТБ 01/е нысанындағы немесе ТБ 01/е – IV санат нысанындағы медициналық картаның деректері негізінде жүзеге асырады.

Туберкулезбен ауыратын белсенді науқастарды есептен шығарылуын тіркеу нәтижелелері бойынша "ТАҰТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде белсенді науқастардың есебінен шығарылған туберкулезбен ауыратын науқастардың тізімдері қалыптастырылады.

Ескерту. 192-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін туберкулезге қарсы диспансер туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді тіркеу кезінде "СНЭТ" АЖ-да және "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да мыналарды қатамасыз етеді:

1) күн сайын № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 003/е, 025/е нысандары бойынша деректерді күн сайын енгізу және растау. Гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу жағдайларын қоспағанда, енгізудің дұрыстығы расталғаннан кейін "СНЭТ" АЖ-да деректер түзетуге жатпайды.

2) пациент стационардан емделіп шыққан күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 027 /е, № ТБ 01/е немесе № ТБ 01 – IV санаттағы нысандарды қалыптастыру;

3) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30 (отызыншы) күніне дейін мынадай:

осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсету кезіндегі кірістер құрылымы;

осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсету кезіндегі шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу;

осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге арналған аванстың жоспарлы сомасыны бөлу туралы ақпаратты қамтитын есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу.

"ОНЭТ" АЖ-да осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, қызметтер берушіге ағымдағы есепті кезеңдегі науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген деректерді енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Өнім беруші қордың сұранымы бойынша бастақы бухгалтерлік құжаттардың көшірмесін ұсынады, оның негізінде осы тармақта көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылады.

Ескерту. 193-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрықтарымен.

194. Қайтыс болған күні өткен есепті кезеңде тіркелген науқастарды қайтыс болу себебі бойынша "ТАНҰТ" АЖ-да туберкулезбен ауыратын белсенді науқас ретінде есептен шығарған жағдайда ақы төлеу Бірыңғай ақаулар жіктеліміне сәйкес күніне туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап туберкулезбен ауыратын науқастың есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын шешуді ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. "ТАНҰТ" АЖ-да туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқасты уақтылы есептен шығармағаны және адамның қайтыс болуы туралы, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін туберкулезбен ауырған қайтыс болған науқастар туралы мәліметтерді уақтылы тіркемегені үшін айыппұл санкциялары қайтыс болғаннан кейін тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастарға қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

196. Туберкулезге қарсы препараттарға кеткен шығыстарды "ДҚ" АЖ-да тіркеуді туберкулезге қарсы диспансер жүзеге асырады.

Туберкулез бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 994 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16831 болып тіркелген) басқа денсаулық сақтау ұйымдарымен туберкулезге қарсы препараттарды жіберуді тіркеу үшін туберкулезге қарсы диспансерлер олармен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге өтеусіз шарттар жасасады. Өтеусіз азаматтық-құқықтық шарт бойынша туберкулезге қарсы препараттарды жіберуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары "ДҚ" АЖ-ға туберкулезге қарсы препараттардың шығынын енгізеді және растайды.

197. Осы Қағидаларға 90-қосымшаға сәйкес нысан бойынша туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі –туберкулезбен ауыратын

науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қор "ОНЭТ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады.

198. Туберкулезге қарсы диспансер көрсеткен медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

2) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

3) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі;

4) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша барлық қатысушылардың медициналық қызметтердің сапасын мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша ақы төлеуіне және ақы төлеуге жатпайтын, оның ішінде ішінара ақы төлеуіне жатпайтын емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі қалыптастырылады.

Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Қор туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде "ОНЭТ" АЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 91-қосымшаға сәйкес нысан бойынша туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

200. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

201. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

4-параграф. АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

202. Қызметтер берушілер – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық, қалалық орталықтардың (бұдан әрі – ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар) қызметтеріне;

1) ақы төлеу бір АИТВ жұқтырған және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа арналған кешенді тариф бойынша;

2) № 666 бұйрыққа сәйкес және олардың шекті құнынан аспайтын антиретровирустық препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша медициналық ұйымдардың дәрілік формулярларына сәйкес антиретровирустық препараттармен қамтамасыз еткені үшін жүзеге асырылады.

Консультациялық-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымына ақы төлеу бір медициналық қызмет көрсеткені үшін уәкілетті орган бекіткен тариф бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.02.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Қызметтерге ақы төлеу бір АИТВ жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа арналған кешенді тариф мынадай шығындарды:

1) АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарды консультациялық-диагностикалық көмектің АЕК нысанында білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етуді, оның ішінде анандан ұрыққа және ерте жастағы балаға АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупін төмендету бойынша профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруды;

2) құпия медициналық зерттеп-қарауды қамтамасыз етуді, психикалық-әлеуметтік, заңи консультацияларды ұсынуды, сенім пункттерінің, достық кабинеттерінің жұмыс істеуін, халық арасында АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды іске асыруды;

3) уәкілетті орган бекіткен АИТВ жұқтырудың жоғары қаупі бойынша халықтың әлсіз топтарына жататын адамдардың арасында емдеу-профилактикалық іс-шараларын жүргізуді;

4) стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек пен медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің пациенттері үшін АИТВ инфекциясына арналған зертханалық зерттеулер талдаулар жүргізуді қамтиды.

204. ТМККК шеңберінде АИТВ жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталықтарына ақы төлеу сомасы бір АИТВ-жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа арналған кешенді тарифті есепті кезеңдегі АИТВ-жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың ортатізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

205. Есепті кезеңдегі АИТВ-жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың ортатізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күніндегі АИТВ-жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың санын

қосу және алған қосындыны айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

206. Республикалық денсаулық сақтау ұйымының қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді нақты көрсетілген қызметтердің санына көбейту арқылы айқындалады.

207. АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілім (бұдан әрі – АИТВ/ЖИТС кезінде медициналық-әлеуметтік көрсеткені үшін шот-тізілім) осы Қағидаларға 92-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Республикалық денсаулық сақтау ұйымы осы Қағидаларға 93-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының АИТВ-жұқтырғанға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімдерді қалыптастырады.

Ескерту. 207-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

208. Есепті кезеңде ЖИТС-тің алдын алу және күресу үшін оған қарастырылған ақы төлеуге мәлімденген және АИТВ/ЖИТС медициналық және әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шот-тізілімде көрсетілетін соманы есептеу:

1) АИТВ жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың есепке қойылуын және есептен шығарылуын тіркеу (қайта тіркеу);

2) "ДҚ" АЖ-да қамтамасыз етілген антиретровирустық препараттар рецептілерін тіркеу негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.02.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. АИТВ жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың есепке қойылуын тіркеуді (қайта тіркеуді) ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы күн сайын автоматтандырылған және қол режимінде ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 451 бұйрығымен бекітілген (НҚА мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12085 болып тіркелген) Инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулар жағдайларын тіркеу, есепке алуды жүргізу қағидаларына және олар бойынша есептілікті жүргізу қағидаларына сәйкес:

1) АИТВ инфекциясының зертханалық диагностика алгоритмі бойынша жүргізілген зерттеулердің негізінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген және ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі аумақтық орталықтарға жіберілген АИТВ инфекциясының бар болуы туралы расталған нәтиже;

2) тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы басқа ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықты хабардар ету

негізінде ҚР-ның өзге әкімшілік-аумақтық бірлігінен АИТВ жұқтырғанның және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастың келуі, сондай-ақ бұрын белгіленген АИТВ/ЖИТС диагнозы бар шетелден ҚР аумағында тұрақты тұруға келген ҚР азаматтары, оралмандар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың негізінде жүзеге асырылады.

210. Ақы төлеу үшін АИТВ жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың есептен шығарылуын тіркеуді ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық:

1) басқа ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталыққа есепке қою және диспансерлік байқау үшін тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы хабарламаны жолдай отырып, АИТВ жұқтырғанның және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастың ҚР әкімшілік-аумақтық бірлігінің қызмет көрсететін ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтан тысқары кетуі;

2) Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ресми деректері;

3) АХАТБ органдарынан келіп түскен қайтыс болу туралы мәліметтер;

4) БХТ тіркелген АИТВ жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың қайтыс болуы туралы куәлік;

5) АИТВ жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың қайтыс болу жағдайын "СНЭТ" АЖ-да тіркеу фактісі негізінде жүзеге асырады.

211. ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық, республикалық денсаулық сақтау ұйымы бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне (отызыншы) дейін алдыңғы есепті кезеңдегі мынадай есептерді:

1) осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі кірістердің құрылымы туралы ақпаратты;

2) осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі шығыстардың құрылымы туралы ақпаратты;

3) осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу туралы ақпаратты;

4) осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпаратты;

5) осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге арналған аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпаратты ұсынады.

Осы тармақта көзделген ақпаратты ұсынбаған жағдайда ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығына, республикалық денсаулық сақтау ұйымына

есепті кезеңдегі көрсетілген қызметтердің актісін қалыптастыру көрсетілген ақпаратты ұсынғанға дейін жүргізілмейді.

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық, республикалық денсаулық сақтау ұйымы қордың сұрау салуы бойынша осы тармақта көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

212. Қызметтерге ақы төлеу үшін қор:

1) Осы Қағидаларға 94-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – АИТВ/ЖИТС жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) Қор қалыптастырады.

2) Республикалық денсаулық сақтау ұйымы осы Қағидаларға 95-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АИТВ-жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын қалыптастырады.

213. ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың сапасы мен көлемін мониторингтеу жартыжылда 1 (бір) рет денсаулық сақтау субъектісіне бару арқылы жүргізіледі. Сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша қор әрбір бұзушылық үшін бір АИТВ-жұқтырған және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа шаққанда бір кешенді тариф мөлшерінде ағымдағы және өткен кезеңдерде анықталған бұзушылықтар бойынша ағымдағы кезеңде ақы төлеу сомасын ұстау жүзеге асырылады.

Сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен, амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған, көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер тізілімі;

2) осы Қағидаларға 24-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен, амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған, көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер тізілімі;

3) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативке қосылмаған, консультациялық-диагностикалық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтің актісі қалыптастырылады.

Өткен есепті кезеңде қайтыс болу күні тіркелген АИТВ жұқтырғандарды және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарды қайтыс болу себебі бойынша ағымдағы есепті кезеңде есептен шығарған жағдайда, ақы төлеу пациенттің қайтыс болуын

уақтылы тіркемегені үшін сома шешіле отырып, жүзеге асырылады. Уақтылы тіркемегені үшін ақы төлеуден шешілетін сома төлеу Бірыңғай ақаулар жіктеліміне сәйкес күніне туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап туберкулезбен ауыратын науқастың есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын шешуді ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

213-1. АИТВ жұқтырғанды және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастың қайтыс болуы туралы мәліметтерді уақтылы есептен шығармағаны және уақтылы тіркемегені үшін айыппұл санкцияларын төлеу кезінде қайтыс болғаннан кейін тіркелген АИТВ жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс болған АИТВ жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 213-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

214. Қор АИТВ/ЖИТС жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының және республикалық ұйымның АИТВ/ЖИТС кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде осы Қағидаларға 99-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – АИТВ/ЖИТС жағдайында медициналық көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісі) және (немесе) осы Қағидаларға 104-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АИТВ жұқтырғандарға және көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін қалыптастырады.

215. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

216. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

5-параграф. Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

217. Қызметтер берушілердің – психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының (бұдан әрі – психиатриялық ұйым), психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу психикалық және

мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша (бұдан әрі – психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф) жүзеге асырылады.

218. Психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф:

1) психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың психикалық және мінез-құлықтың ауытқуларының (аурулардың) профилактикасына, психикалық денсаулығын зерттеп-қарауға, психикалық бұзулуларының диагностикасына, оларды емдеуге, күтуге және медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған қызметтерге;

2) диспансерлік есепте тұрмайтын азаматтардың психикалық және мінез-құлықтың ауытқуларының (аурулардың) профилактикасына, психикалық денсаулығын зерттеп-қарауға бағытталған қызметтерге;

3) психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға жедел медициналық көмек, амбулаторлық-емханалық көмек, консультативтік-диагностикалық көмек, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек нысандарында білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмек, оның ішінде әлеуметтік-еңбек оңалту көрсету, оның ішінде мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану туралы туралы сот шешімі бойынша стационарлық емдеуге арналған шығындарды қамтиды.

219. Осы Қағидалардың 2-тарауының 2-бөлімнің 2- кіші бөліміне сәйкес Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетілгені үшін ақы төлеу республикалық ұйымда бір емделген жағдайға ортаесептік құны және бір төсек-күн тарифі бойынша стационарлық медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылады.

220. Психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін психиатриялық ұйымдарға ай сайынғы ақы төлеу сомасы есептік кезеңде психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастардың орташа тізімдік санына психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар бір науқасқа арналған кешенді тарифті көбейту арқылы айқындалады.

Есептік кезеңде санына психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде "ПНЭТ" АЖ-да тіркелген санына психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастар санын қосу және алынған санды аталған есепті кезеңдегі айдың күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Ескерту. 220-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

221. Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша жасалған қызметтерді сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "ОНЭТ" АЖ "Қаржы блогы" модуліндегі "Шарттың талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

222. Есепті кезеңдегі ақы төлеуге психиатриялық ұйым ұсынатын және психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманы автоматтандырылған есептеу денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде:

1) психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың есепке қойылуын;

2) психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың есептен шығарылуын;

3) психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеудің (қайта тіркеудің) негізінде қамтамасыз етіледі.

223. Психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың есепке қойылуын тіркеуді (қайта тіркеуді) психиатриялық ұйымдар күн сайын автоматтандырылған режимде "ПНЭТ" АЖ-да:

1) № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 030-2/е, № 25/е нысандарының;

2) пациенттің (немесе оның заңды өкілінің) медициналық зерттеп-қарауға жазбаша келісімінің;

3) тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы басқа психиатриялық ұйымды хабардар ету негізінде белгіленген ҚР-ның өзге әкімшілік-аумақтық бірлігінен психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың келуі, сондай-ақ бұрын белгіленген психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар шетелден Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға келген Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуінің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдардың есептен шығарылуын тіркеуді психиатриялық ұйым "ПНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде:

1) Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамның сауығуы туралы психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы;

2) БХТ порталында тіркелген психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамның қайтыс болуы туралы куәлік;

3) қызмет көрсететін психиатриялық ұйымнан тысқары кетіп, тұрақты тұрғылықты жерінің өзгеруі;

4) Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының ресми деректері;

5) АХАТБ органдарынан келіп түсетін қайтыс болуы туралы мәліметтер;

6) 12 (он екі) ай ішінде психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамның орналасқан жері туралы қандай да болсын дұрыс мәліметтердің болмауы;

7) бас бостандығынан айыруға байланысты расталған сотталу фактісі (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен сұрау салуға жауап алғаннан кейін 3 айдың ішінде есептен шығару жүргізіледі);

8) хабарсыз кеткен деп тану немесе қайтыс болуы туралы хабарлама негізінде жүзеге асырады.

225. Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға стационарлық және стационарды алмастыратын көмек нысанында медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеу "СНЭТ" АЖ-да № 907 бұйрықпен бекітілген № 066-3/е нысаны бойынша стационарлық, стационарды алмастыратын, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету туралы деректерді күн сайын енгізу және растау арқылы жүзеге асырылады.

226. Осы Қағидаларға 101-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін бойынша шот-тізілімді (бұдан әрі – психикалық ауытқулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) "ОНЭТ" АЖ-де автоматтандырылған түрде қалыптастыру және ақы төлеуге ұсынылатын соманың дұрыс есептелуі үшін қызметтер беруші ақпараттық жүйелерде мыналарды қатамасыз етеді:

1) күн сайын № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 025/е, № 030-2/е нысандары бойынша деректерді енгізу және растау. Гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелерін енгізу жағдайларын қоспағанда, енгізудің дұрыстығы расталғаннан кейін "СНЭТ" АЖ-да деректер түзетуге жатпайды;

2) пациент стационардан жазылып шыққан күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 066-3/е және № 027/е нысандары бойынша психитариялық стационардан шыққан науқастың статистикалық картасын қалыптастыру;

3) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне (отыз) дейін мынадай есептерді:

осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі кірістердің құрылымы туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі шығыстардың құрылымы туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпаратты;

осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге арналған аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпаратты қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу.

Қызметтер беруші қордың сұрау салуы бойынша осы тармақта көзделген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы медициналық құжаттамалардың көшірмелерін ұсынады.

"ОНЭТ" АЖ-да осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, ағымдағы есепті кезеңдегі науқастарға психикалық бұзылулар кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген деректерді енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Ескерту. 226-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

227. Осы Қағидаларға 102-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психикалық және мінез-құлықтық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – психикалық ауытқулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қор автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да қалыптастырады.

228. Психиатриялық орталық көрсеткен медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

2) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

3) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторингтің актісі;

4) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша барлық қатысушылардың медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша ақы төлеуіне жататын, ақы төленуіне жатпайтын оның ішінде ішінара ақы төлеуіне жататын емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі қалыптастырылады;

тіркелген психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамның қайтыс болу себебі бойынша ағымдағы есепті кезеңде есептен шығарған жағдайда ақы төлеу

пациенттің қайтыс болуын уақтылы тіркемегені үшін сома шешіле отырып, жүзеге асырылады.

Уақтылы тіркемегені үшін ақы төлеуден шешілетін сома төлеу Бірыңғай ақаулар жіктеліміне сәйкес күніне туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамның есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын шешуді ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

Ескерту. 228-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228-1. Психикалық бұзылыстардан (аурулардан) зардап шегетін адамдар туралы мәліметтерді уақтылы тіркемегені және есептен уақтылы шығармағандығы үшін айыппұл санкцияларын төлеу кезінде психикалық бұзылыстардан (аурулардан) зардап шегетін қайтыс болған адамдарды, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс болған психикалық бұзылыстардан (аурулардан) зардап шеккен адамдарға қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 228-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

229. Қор психикалық аурулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде "ОНЭТ" АЖ-да автоматтандырылған режимде осы Қағидаларға 103-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психикалық ауытқулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – психикалық ауытқулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

230. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

231. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

6-параграф. Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

232. Қызметтер берушілердің – наркологиялық қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың (бұдан әрі – наркологиялық ұйым) қызметтеріне ақы төлеу психикалық белсенді заттарды тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф (бұдан әрі – ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф) бойынша жүзеге асырылады.

233. ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық ауытқулары бар бір науқасқа арналған кешенді тариф:

1) алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсетуге, ПБЗ тұтыну тудырған алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлық диагностикасына, ПБЗ тұтыну тудырған алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарды емдеу, күту және медициналық-әлеуметтік оңалтуға, ПБЗ тұтыну фактін анықтау үшін медициналық куәландыруға, оның ішінде мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану туралы сот шешімі бойынша стационарлық емдеуге, уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарында асырауға бағытталған қызметтер көрсетуге;

2) алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарға жедел медициналық көмек, консультативті-диагностикалық көмек, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек нысандарында білікті, мамандандырылған медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді көздейтін шығындарды қамтиды.

234. Осы Қағидалардың 2-тарауының 2-бөлімінің 2-кіші бөлімінің Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетілгені үшін ақы төлеу республикалық ұйымда бір емделген жағдайға бір төсек-күн тарифі бойынша стационарлық медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылады.

235. Алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін наркологиялық ұйымдарға ай сайынғы ақы төлеу сомасы есепті кезеңде ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастардың орташа тізімдік санына ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар бір науқасқа арналған кешенді тарифті көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңде ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде "ННТ" АЖ-да тіркелген ПБЗ тұтыну тудырған психикалық және мінез-құлықтық ауытқуы бар науқастар санын қосу және алынған санды аталған есепті кезеңдегі айдың күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Ескерту. 235-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

236. Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "ОНЭТ" АЖ "Қаржы блогы" модуліндегі "Шарттың талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

237. Осы Қағидаларға 104-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін бойынша шот-тізілімді (бұдан әрі – наркологиялық бұзылулар кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) қалыптастыруды наркологиялық ұйым қолмен немесе автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да жүзеге асырады.

238. Наркологиялық ұйым есепті кезеңдегі ақы төлеуге ұсынатын және наркологиялық бұзылулар кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманы автоматтандырылған есептеу денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде:

1) алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың есепке қойылуын;

2) алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың есептен шығарылуын;

3) алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық көрсету жағдайларын тіркеудің негізінде қамтамасыз етіледі.

239. Алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың есепке қойылуын тіркеуді (қайта тіркеуді) күн сайын автоматтандырылған режимде "ННЭТ" АЖ-да:

1) № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың және № 030-е, 25/е нысандары;

2) пациенттің (немесе оның заңды өкілінің) медициналық зерттеп-қарауға жазбаша келісімі;

3) адамды алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқас етіп тану туралы медициналық куәландыру және (немесе) соттық-наркологиялық қорытынды негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 239-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

240. Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастың есептен шығарылуын тіркеуді автоматтандырылған режимде "ННЭТ" АЖ-да:

1) ДКК төрағасы немесе бірінші басшының орынбасары қол қойған емдеуші дәрігер-наркологтың есептен шығару туралы қорытындысы;

2) жаңа тұрғылықты жері бойынша өңірлік наркологиялық ұйымға пациенттің құжаттарын жолдау арқылы басқа наркологиялық ұйымға наркологиялық есепке және диспансерлік/профилактикалық байқауға бере отырып, қызмет көрсететін наркологиялық ұйымнан тысқары аумаққа кетіп, тұрақты тұрғылықты жерін өзгерту;

3) Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының ресми деректері;

4) орналасқан жері туралы шын мәліметтер болмаған жағдайда, наркологиялық ұйым барлық қабылданған шараларға (оның ішінде тоқсанда 1 рет ішкі істер органдары мен әділет органдарына жүгінуге) қарамастан 1 жыл бойы науқасты қарап-тексеруді қамтамасыз ете алмаған кезде, науқасты байқаудан шешу туралы наркологиялық ұйымның ДКК шешімі;

5) 3 жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыруға байланысты сотталу (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен сұрау салуға жауап алғаннан кейін 3 айдың ішінде жүргізіледі);

6) БХТ порталында тіркелген алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастың қайтыс болуы туралы куәлік;

7) АХАТБ органдарынан келіп түскен қайтыс болу туралы мәліметтер;

8) нақтыланған нозология бойынша есепке ала отырып, осы нозология бойынша диагноздың өзгертілуі немесе нақтылануы негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 240-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

241. Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын көмек нысанында медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеу "СНЭТ" АЖ-да № 907 бұйрықпен бекітілген № 066-1/е нысаны бойынша стационарлық, стационарды алмастыратын, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету туралы деректерді күн сайын енгізу және растау арқылы жүзеге асырылады.

242. Наркологиялық ұйым бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының негізінде есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде алдыңғы есепті кезеңдегі мынадай есептерді "ОНЭТ" АЖ-ға:

1) осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі кірістердің құрылымы;

2) осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсеткен кездегі шығыстардың құрылымы;

3) осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге сараланған ақы төлеу;

4) осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау

5) осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер көрсетуге арналған аванстың жоспарлы сомасын бөлу туралы ақпаратты енгізеді.

Ескерту. 242-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

243. Осы Қағидаларға 105-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – накрологиялық бұзылулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қор қолмен немесе автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да қалыптастырады.

244. Наркологиялық ұйым көрсеткен медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

2) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен емдеуге жатқызу жағдайларының тізілімі;

3) осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын көмек медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі;

4) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша барлық қатысушылардың сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері бойынша ақы төлеуіне, оның ішінде ішінара ақы төлеуіне жатпайтын емдеуге жатқызу жағдайлар тізілімі қалыптастырылады.

Ескерту. 244-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

244-1. Алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды қайтыс болуы себебіне байланысты ағымдағы есепті кезеңде есептен шығарған жағдайда, қайтыс болған күні өткен есептік кезеңде тіркелсе, ақы төлеу пациенттің қайтыс болғандығын уақтылы тіркелмегендігі үшін соманы алумен жүзеге асырылады.

Уақтылы тіркемегені үшін ақы төлеуден шешілетін сома төлеу Бірыңғай ақаулар жүктеліміне сәйкес күніне туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқас адамның есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын шешуді ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.";

Алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастар туралы мәліметтерді уақтылы тіркемеу және уақтылы есептен шығармағандығы үшін айыппұл санкцияларын төлеу кезінде қор алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын қайтыс болған адамдарды, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс

болған алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға қатысты қолданылмайды.

Ескерту. 244-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

245. Қор наркологиялық бұзылулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қолмен немесе автоматтандырылған режимде "ОНЭТ" АЖ-да осы Қағидаларға 106-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алкоголизм, нашақорлық және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – наркологиялық бұзылулар жағдайында медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

246. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

247. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-кіші бөлім. Зертханалық диагностикаға ақы төлеу тәртібі

248. Зертханалық диагностика қызметтеріне ақы төлеу, мыналарды:

1) осы Қағидалардың 2-бөлімнің 2-кіші бөлімі 1-тарауының 1-параграфына сәйкес төленетін қызметтерді;

2) осы Қағидалардың 111-тармағында көрсетілген және осы Қағидаларға 49-қосымшаларға сәйкес нақты келтірілген шығыстары үшін ақы төлеуге тиіс жағдайлар тізбесіндегі жағдайлардан басқа, осы Қағидалардың 2-бөлімі 2-кіші бөлімінің 2-тарауына сәйкес төленетін қызметтерді қоспағанда тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

249. Қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы медициналық қызметтерге тарифтерді нақты көрсетілген қызметтерінің санына көбейту арқылы айқындалады.

4 – кіші бөлім. Патологиялық-анатомиялық диагностикаға ақы төлеу тәртібі

250. Клиникалық-шығындық топтар және медициналық-экономикалық тарифтер бойынша емделіп шығу жағдайының құнына ақы төленетін қызметтерден басқа, патологиялық-анатомиялық ашу және патологиялық-анатомиялық диагностика (бұдан әрі – ПАБ) қызметтерін көрсеткені үшін қызметтер берушілерге ақы төлеу патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуге арналған көрсетілетін қызметтерді

сатып алу шартының (бұдан әрі – ПАБ шарты) негізінде биологиялық материал алу және оның гистологиялық, цитологиялық және өзге де, оның ішінде тірі кезінде жүргізілетін зерттеулер жүзеге асырылады.

Ескерту. 250-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

251. Патологиялық-анатомиялық қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы түзету коэффициенттерін ескере отырып, тарифтерді патологиялық-анатомиялық диагностиканың нақты көрсетілген қызметтерінің санына көбейту арқылы айқындалады.

252. ПАБ шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "БТЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

Қор "БТЖ" АЖ-ның "Төлем жүйесі" модуліндегі "Шарттың талаптары" қосымша бетінде деректерді енгізеді, оларды растайды және ПАБ шартының және бар болса көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдердің көшірмелерін бекітеді.

Ескерту. 252-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

253. ПАБ осы Қағидаларға 107-қосымшаға сәйкес нысан бойынша патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – ПАБ қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілім) қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да қалыптастырады және қорға береді.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

254. ПАБ қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді автоматтандырылған қалыптастыру кезінде ақы төлеуді жүргізу және ақы төлеуге ұсынылған соманы дұрыс есептеу үшін:

патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтері бойынша:

1) стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі пациенттің биологиялық өлімін белгілеген күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей "СНЭТ" АЖ-ға № 907 бұйрықпен бектіліген № 066/е нысаны бойынша деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді, олар патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін берушіге қолжетімді болады;

2) ПАБ күн сайын "СНЭТ" АЖ және "БТЖ" АЖ-мен интеграция болған жағдайда зертханалық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – ЗАЖ) № 907 бұйрықпен бектіліген № 004/е нысаны бойынша деректерді енгізуді және растауды қамтамасыз етеді;

патогистологиялық диагностика қызметтері бойынша:

1) денсаулық сақтау субъектісі "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-ға № 907 бұйрықпен бектіліген № 201/е нысанына қосымша параққа сәйкес гистологиялық зерттеуге арналған жолдаманы енгізеді;

2) ПАБ күн сайын "Емхана" ААЖ немесе ЗАЖ-да № 907 бұйрықпен бекітілген № 201/е нысаны бойынша деректерді енгізуді және растауды қамтамасыз етеді;

3) ПАБ "Емхана" ААЖ немесе ЗАЖ-да жүргізілген гистологиялық зерттеулердің саны және олардың санаттары туралы статистикалық есепті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

255. Қор қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 108-қосымшаға сәйкес нысан бойынша патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасы) қалыптастырады.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

256. Патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерінің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 110-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мониторингтен өткен патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерінің тізілімі;

2) осы Қағидаларға 111-қосымшаға сәйкес нысан бойынша патологиялық-анатомиялық диагностиканың сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

257. Қор патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 112-қосымшаға сәйкес нысан бойынша патологиялық-анатомиялық диагностиканың көрсетілген қызметтерінің актісін (бұдан әрі – патологиялық-анатомиялық диагностиканың көрсетілген қызметтерінің актісі) қалыптастырады.

Ескерту. 257-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-142 бұйрығымен.

258. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

259. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

5-кіші бөлім. Қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша қызметтерге ақы төлеу

260. Қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша қызметтер берушілерге (бұдан әрі – қан орталығы) ақы төлеу денсаулық сақтау субъектілеріне берілген қан компоненттері мен препараттарына арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 931 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7404 болып тіркелген) бекітілген Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары туралы ережеге сәйкес ағзалардың және тіндердің транспланттауын зертханалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету қызметтеріне ақы төлеу тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 260-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

261. Қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру қызметтері үшін қан орталықтарына ақы төлеу сомасы тариф мөлшерін ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілеріне берілген қан компоненттері мен препараттарының санына көбейту арқылы айқындалады.

Ескерту. 261-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

262. Қан орталықтары № 907 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың № 422/е, № 422-2/е, № 422-3/е, № 422-4/е, № 422-5/е нысандарының негізінде қол режимінде осы Қағидаларға 113-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілген қызметтердің шот-тізілімін (бұдан әрі – қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтердің шот-тізілімі) қалыптастырады.

263. Қор осы Қағидаларға 114-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын (бұдан әрі – қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы) қалыптастырады.

264. Қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша:

1) осы Қағидаларға 116-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы мониторингтен өткен қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру қызметтерінің тізілімі;

2) осы Қағидаларға 116-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы мониторингтен өткен қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру қызметтерінің тізілімі;

3) осы Қағидаларға 117-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу актісі қалыптастырылады.

Ескерту. 264-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

265. Қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қор осы Қағидаларға 118-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қан және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтердің актісі) қалыптастырады.

266. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ -142 бұйрығымен.

267. Алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.12.2018 № ҚР ДСМ-35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

6-кіші бөлім. Шетелдік мамандарды тарта отырып пациентті емдегені үшін шығындарды өтеу

Ескерту. 2-тарау 6-кіші бөліммен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.04.2019 № ҚР ДСМ-23 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

268. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 544 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11795 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларына (бұдан әрі – Азаматтарды шетелде емделуге жіберу қағидалары) сәйкес негіздемелер бойынша пациентке отандық медициналық ұйымдардың жағдайларында медициналық көмекті көрсету қызметтеріне ақы төлеу нақты шығындар бойынша шығындардың мынадай баптары бойынша жүргізіледі:

1) жалақы;

2) салықтар немесе бюджетке төленетін өзге де төлемдер, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңнамасына сәйкес төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар;

- 3) тамақтану;
- 4) дәрілік заттар, МБ;
- 5) тарифтер бойынша медициналық қызметтер;
- 6) шетелдік мамандардың қызметтері;

7) бір пациентке қайта есептегенде алдыңғы айда қызметтер берушінің нақты коммуналдық және басқа шығыстарына арналған шығындар бойынша есептелетін коммуналдық шығыстар.

Бұл ретте, емделген жағдайдың құны Азаматтарды шетелде емделуге жіберу қағидаларында айқындалған тәртіппен қордың соңғы есепті қаржы жылында аталған ауру бойынша шетелдік медициналық ұйымдарға жіберу жағдайларын талдаудың ұсынуын ескере отырып айқындалған құнынан аспайды.

Аталған нозология бойынша шетелдік медициналық ұйымдарға жіберілген науқастар болмаған жағдайда, ауру бойынша емделген жағдайдың құны қор ұсынған кемінде екі шетелдік медициналық ұйымның бағалық ұсынысына және емдеу бағдарламасы негізінде анықталады.

269. Қызметтерге ақы төлеу үшін негіздеме шетелде емделуге үміткер медициналық қызметтерді тұтынушының шетелдік мамандарды тарта отырып отандық медициналық ұйымдарға емделуге жіберу туралы қорытындысы болып табылады.

270. Шетелдік мамандарды тарта отырып, пациентке медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шарттарының, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерінің автоматтандырылған есебін қор осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес "МҚСБЖ" АЖ-да жүзеге асырады.

271. Шетелдік мамандарды тарта отырып, пациентке медициналық көмек көрсету бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру және қызметтерге ақы төлеу автоматты түрде осы Қағидалардың 89-92, 96-99-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

272. Пациентті сүйек кемігін немесе гемопозддік дің жасушаларын транспланттауға (бұдан әрі - СКТ) жіберген кезде Қызметтерді сатып алу шартында бір емделген жағдайға қызметтерге кезеңмен ақы төлеу көзделеді және ол мыналарды қамтиды:

- 1) 1-кезең – донорды іздеу:

сүйек кемігінің немесе гемопозддік дің жасушалары құнынан 70 % мөлшерінде донорды іздеу үшін ақы төлеу. Ақы төлеу үшін негіздеме отандық ұйымның донорлардың халықаралық тізілімінде донорды іздеу, іріктеу және активациялау үшін қажетті зерттеулерді жүргізу үшін донорды іздеу бойынша халықаралық тіркеліммен жасалған шарты болып табылады.

1-кезең бойынша түпкілікті ақы төлеу отандық медициналық ұйымда СКТ жүргізу үшін сүйек кемігін жеткізгеннен кейін жүзеге асырылады.

8. Ұсыныстар, ұсынымдар:

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ маманы:	Ө н і м Б і р і н ш і	б е р у ш і : б а с ш ы :
_____	_____	_____
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі есеп үшін)	(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі есеп үшін) Пациентке қолдау көрсету және ішкі бақылау қызметінің басшысы:	
_____	_____	_____
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі есеп үшін)	(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі есеп үшін)	

Денсаулық сақтау
субъектілерінің көрсетілетін
қызметтеріне ақы төлеу
қағидаларына
2-қосымша

Сараптамалық қорытынды

1. Сараптаманы өткізген адамның Т.А.Ә. (бар болса) және лауазымы, оның ішінде тәуелсіз сарапшының мамандығы, біліктілік санаты, ғылыми дәрежесі, аккредиттеу туралы куәліктің № көрсетіледі.
